KAZAKHSTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 7799)	<a href="http://www.samsung.com/kz_ru/support">www.samsung.com/kz_ru/support</a>
TAJKISTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 8888)	<a href="http://www.samsung.com/support">www.samsung.com/support</a>
MONGOLIA	1800-25-55	<a href="http://www.samsung.com/support">www.samsung.com/support</a>
BELARUS	810-800-500-55-500	<a href="http://www.samsung.com/support">www.samsung.com/support</a>
MOLDOVA	+373-22-667-400	<a href="http://www.samsung.com/support">www.samsung.com/support</a>
UKRAINE	0-800-502-000	<a href="http://www.samsung.com/ua/support">www.samsung.com/ua/support</a>



DD81-02968J-01

# **Ыдыс жуғыш машина**

## **Пайдаланушы нұсқаулығы**

DW6\*R707\*/DW6\*R705\*/DW6\*R704\* топтамасы



**SAMSUNG**



# Мазмұны

<b>Қауіпсіздік шаралары</b>	<b>4</b>
Қауіпсіздік нұсқаулары туралы не білуіңіз керек	4
Маңызды қауіпсіздік белгілері	4
WEEE белгісі туралы нұсқаулар	5
Қауіпсіздікке қатысты маңызды ескертулер	6
Ыдыс жуғыш машинаны пайдалану нұсқаулығы	8
Балаларды қорғауға қатысты нұсқаулық	9
Ыдыс жуғыш машинаны орнату туралы нұсқаулық	10
<b>Орнату</b>	<b>13</b>
Жинақтың құрамы	13
Орнату талаптары	16
Орнату қадамдары	18
Безендірілген тақта	35
Қорғағыш тақтайша (DW6*R70**U* топтамасы)	37
<b>Іске кірісу алдында</b>	<b>38</b>
Ыдыс жуғыш машинаға шолу	38
Ыдыс жуғыш машинада жууға болмайтын заттар	40
Сөрелерді пайдаланудың негізі	41
Жуғыш зат салынатын бөлік	45
Шайғыш зат сауыты	47
Тұзды сауыты	48
Сенсорлық панельдің сезімталдығы	49
Режим параметрлері	50
<b>Іске пайдалану</b>	<b>52</b>
Басқару панелі	52
Циклға шолу жасау	54
Оңай бастау қадамы	55
Тұзды сауыты	56
Кешіктіріп бастау	58
Басқару панелінің бекітпесі	58
<b>Күтім көрсету</b>	<b>59</b>
Тазалау	59
Ұзақ мерзімді күтім	62

---

<b>Ақаулық себептерін анықтау</b>	<b>63</b>
Тексерілетін мәселелер	63
Ақпарат кодтары	66
<b>Цикл кестесі</b>	<b>67</b>
<b>Қосымша</b>	<b>69</b>
Тасымалдау/орнын ауыстыру	69
Аяздан қорғау	69
Ыдыс жуғыш машинаны кәдеге жарату және қоршаған ортаны қорғау	69
Сипаттамалары	70
<b>Стандартты сынақ үшін</b>	<b>71</b>
<b>Өнім жапсырмасы</b>	<b>73</b>



# Қауіпсіздік шаралары

Жаңа Samsung ыдыс жуғыш машинасын сатып алуыңызбен құттықтаймыз. Бұл нұсқаулық құрылғыны орнату, пайдалану және күтім көрсету туралы маңызды ақпаратты қамтиды. Ыдыс жуғыш машинаның көптеген артықшылықтары мен мүмкіндіктерін толық пайдалану үшін осы нұсқаулықты оқып шығыңыз.

## Қауіпсіздік нұсқаулары туралы не білуіңіз керек

Жаңа құрылғының кең ауқымды мүмкіндіктері мен функцияларын қауіпсіз әрі тиімді пайдалануға сенімді болуға, құрылғыны алдағы уақыттарда қауіпсіз жерде сақтау үшін осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Бұл құрылғыны осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген мақсатта ғана пайдаланыңыз.

Ескертулер мен қауіпсіздік нұсқауларында барлық мүмкін болатын жағдайлар қамтылмаған. Ыдыс жуғыш машинаны рнату, күтім көрсету және пайдалану кезінде абай болу және саналы әрекет ету - сіздің міндетіңіз.

Төмендегі пайдалану нұсқаулары әртүрлі үлгілерді қамтитын болғандықтан, ыдыс жуғыш машинаңыздың сипаттамалары осы нұсқаулықтағы сипаттамалардан ерекшеленуі және барлық ескерту белгілері қолданылмауы мүмкін. Егер қандай да бір сұрақтар немесе мәселелер туындаса, жақын жердегі сервис орталығына хабарласыңыз немесе [www.samsung.com](http://www.samsung.com) сайтынан көмек пен ақпарат ала аласыз.

## Маңызды қауіпсіздік белгілері

Осы нұсқаулықтағы таңбалар мен белгілер нені білдіреді:

### ЕСКЕРТУ

**Адам қатты жарақат алатын, өлім жағдайына және/не мүлікке зиян келтіретін қатерлі жағдайлар не қауіпті әрекеттер.**

### АБАЙЛАҢЫЗ

**Адам жарақат алатын және/немесе мүлікке зақым келтіретін қатерлі немесе қауіпті жағдайлар.**

### ЕСКЕРТПЕ

Адамға немесе мүлікке зақым келтіретін қауіптің бар екенін көрсетеді.

Бұл ескерту белгілері сіз және басқа адамдар жарақат алуға жол бермеу үшін берілген. Оларды нақты орындаңыз.

Осы нұсқаулықты сенімді жерде сақтаңыз және жаңа пайдаланушыларға нұсқаулық мазмұнымен танысуға мүмкіндік беріңіз. Оны болашақ пайдаланушыға табыс етіңіз.





---

## WEEE белгісі туралы нұсқаулар

---



### Аталған өнімді дұрыс пайдалану (Электр қуатын шығындау және Электрондық жабдық)

(Жеке қоқыс жинайтын жүйесі бар елдерге қатысты)

Өнімдегі, аксессуардағы немесе нұсқаулықтағы бұл таңбалау өнімді және оның электрондық аксессуарларын (мысалы, қуат беру құрылғысын, құлаққаптың, USB кабелін), олардың қызмет ету мерзімі өткен соң, үйде басқа мақсатта пайдалануға болмайтындығын білдіреді. Қалдықтардың бақыланбайтын пайдаланылуынан қоршаған ортаға немесе адам денсаулығына зиян келтірудің алдын алу үшін бұл заттарды басқа қалдық түрлерінен бөлек алып қойыңыз және оларды материалдық ресурстарды екінші рет пайдалану үшін қолданыңыз.

Үйде пайдаланушылар экологиялық қауіпсіз түрде қайта өңдеу үшін осы өнімді қай жерден және қалай алуға болатынын анықтау мақсатында, осы өнімді сатып алған жердегі ретейлермен немесе оның жергілікті кеңсесімен хабарласуы тиіс.

Іскерлік пайдаланушылар сату-сатып алу шартының талаптары мен ережелерін тексеру үшін өзінің жабдықтаушысымен хабарласуы тиіс. Осы өнім және оның электрондық аксессуарлары жойылатын басқа пайдаланған қаптамалармен араласып кетпеуі тиіс.



# Қауіпсіздік шаралары

## Қауіпсіздікке қатысты маңызды ескертулер

**Осы құрылғыны пайдаланған кезде өрт, электр немесе жарақат алу қатерін азайту үшін, негізгі сақтық шараларын, соның ішінде келесі шараларды орындаңыз:**

- 1.** Бұл құрылғыны кемтар, сезім жүйесі дамымаған немесе ақыл-есі кем, құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар (балаларды қоса алғанда) құрылғыны қауіпсіз қолдану, қатерлі жағдайлар туралы нұсқау алса ғана немесе тиісті адамның қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс.
- 2. Еуропада пайдалану үшін:** Бұл құрылғыны 8 жасқа толған және одан асқандар ғана қолдануға тиіс және кембағал, сезім жүйесі дамымаған немесе ақыл-есі кем, құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар құрылғыны қауіпсіз қолдану, қатерлі жағдайлар туралы нұсқау алса ғана немесе тиісті адамның қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеңіз. Балаларға ересектердің бақылауынсыз тазалауға және құрылғыны жөндеуге тыйым салынған.
- 3.** Балаларды құрылғымен ойнамас үшін қадағалап отыру керек.
- 4.** Қорек сымына зақым келсе, қатерлі жағдай орын алмас үшін оны өндіруші, өндірушінің уәкілетті агенті немесе білікті адам ауыстыруға тиіс.
- 5.** Құрылғымен бірге жеткізілген жаңа түтіктер жинағын қолдану керек, ескі түтіктер жинағын қайта қолдануға болмайды.

6. Желдеткіш саңылаулары табанында орналасқан құрылғылардың саңылауларын кілем немесе басқа заттар бөгеп тастамауы керек.
7. **Еуропада пайдалану үшін:** 3 жасқа толмаған балаларды үнемі байқап отырмаған жағдайда құрылғыдан алыс ұстау керек.
8. **АБАЙЛАҢЫЗ:** Тоқ сөніп қалғанда қауіп-қатерлі жағдайға жол бермеу үшін бұл құрылғыға таймер сияқты сыртқы ағыту құралын орнатпау немесе уақытылы қосылып және сөндіріліп отыратын желіге қосылмауы керек.
9. **ЕСКЕРТУ:** Пышақтарды және басқа да ұшы өткір заттарды себетке төмен қаратып салу немесе көлденеңінен қою керек.

Бұл құрылғыны үйде және төмендегі жерлерде пайдалануға болады:

- дүкендердің ас бөлмелерінде, кеңселерде және басқа жұмыс орындарында;
- ферма үйлерінде;
- қонақ үйлердің, мотельдердің және басқа тұрғынды жерлердің қонақтары;
- таңғы ас және төсекпен қамтамасыз ететін қонақжайлар.



# Қауіпсіздік шаралары

## Ыдыс жуғыш машинаны пайдалану нұсқаулығы

Бұл ыдыс жуғыш машина коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған. Үй шаруашылықтарында және сол сияқты жұмыс, тұрғын үй жайларында пайдалануға арналған:

- Дүкендерде
- Кеңселер мен көрме залдарында

келесі мекемелердің тұрғындарына:

- Жатақханалар мен қонақ үйлердің.

Машинаны ыдыс-аяқ пен ас үй құралдарын тазалау үшін осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілгендей қолдану керек. Одан басқа мақсаттарда қолдануға өндіруші тарапынан рұқсат берілмейді әрі қауіпті болуы мүмкін.

Өндіруші құрылғыны дұрыс пайдаланбау салдарынан туындаған зақымға жауапты емес.

Еріткіштерді ыдыс жуғыш машинада пайдаланбаңыз. Жарылыс қаупі бар.

Жуғыш құралдарды иіскеуге және жеуге болмайды. Жуғыш заттардың құрамында тітіркендіргіш немесе коррозияға қарсы, мұрынды ашытатын, ішкенде немесе тыныс алғанда ауыз қуысын және тамақты күйгізетін ингредиенттер бар. Жуғыш құралдарды ішіп немесе онымен дем алып қойсаңыз дәрігерге дереу хабарласыңыз.

Егер қажет болмаса есікті ашық қалдырмаңыз, себебі оған соғылып қаласыз.

Ашық есікке отырмаңыз немесе сүйенбеңіз. Себебі ыдыс жуғыш машина құлап, оған зақым келуі және өзіңіз жарақат алуыңыз мүмкін.

Тұрмыстық ыдыс жуғыш машинаға арналған жуу, шаю құралдарын ғана пайдаланыңыз. Ыдыс жуатын сұйықтықты пайдаланбаңыз.

Күшті қышқылы бар тазартқыш затты пайдалануға болмайды.

Шайғыш зат сауытын ұнтақ немесе сұйық жуатын құралмен толтырмаңыз. Сауыт зақымдануы мүмкін.

Тұз сауытын ұнтақ немесе сұйық жуатын құралмен толтырсаңыз, су жұмсартқышқа зақым келуі мүмкін. Тұз сауытын толтырар алдында, ыдыс жууға арналған тұзды қалтаны дұрыс алғаныңызды тексеріңіз.

Кесек түйіршікті ыдыс жуғыш тұзды қолданыңыз, себебі басқа тұздарда жұмсартқыштың жұмысын төмендететін, ерімейтін қоспалар болуы мүмкін.

Құрылғының (үлгісіне байланысты) ас үй құралдарына арналған себетіне ас үй құралдарын төмен қаратып, ыңғайлы түрде орналастырсаңыз ғана жақсы жуылады және кептіріледі. Жарақат алмас үшін пышақтар мен шанышқылардың саптарын жоғары қаратып орналастыңыз.

Ыдыс жуғыш машинада бір рет пайдаланылатын пластик ыдыстар немесе ас үй құралдары мен ыдыс-аяқ сияқты ыстық суға төзімсіз пластик заттарды жууға болмайды. Ыдыс жуғыш машинадағы жоғары температура оларды ерітіп немесе пішіндерін өзгертуі мүмкін.

**Кешіктіріп бастау** функциясы бар үлгілерде жуғыш зат қоспас бұрын сауыттың құрғақ екеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, құрғатыңыз. Ылғалды сауытқа жуғыш құрал құйылса, ол толық таралмауы немесе сауытты бітеуі мүмкін.

Пышақтарды және басқа да ұшы өткір заттарды себетке төмен қаратып салу немесе көлденеңінен қою керек.





---

## Балаларды қорғауға қатысты нұсқаулық

---

Бұл құрылғы ойыншық емес! Балалар жарақат алмас үшін оларды құрылғыдан алыс ұстаңыз, оларға ыдыс жуғыш машинамен немесе оның айналысында ойнауға, басқару тетіктерін пайдалануға рұқсат бермеңіз. Олар ыдыс жуғыш машинадан келуі мүмкін қауіпті түсінбейді. Ас үйде жұмыс істеген кезде балаларды үнемі байқап отыру керек. Балалар ойнап жүріп, ыдыс жуғыш машинаның ішіне қамалып қалуы мүмкін.

Бұл құрылғыны 8 жасқа толған және одан асқандар ғана қолдануға тиіс және кембағал, сезім жүйесі дамымаған немесе ақыл-есі кем, құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар құрылғыны қауіпсіз қолдану, қатерлі жағдайлар туралы нұсқау алса ғана немесе тиісті адамның қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеңіз. Балаларға ересектердің бақылауынсыз тазалауға және құрылғыны жөндеуге тыйым салынған.

Ересек балаларға ыдыс жуғыш машинаның жұмыс істеуін нақты түсіндірсеңіз және олар дұрыс пайдаланбаудың қауіпті салдарын түсінсе ғана құрылғыны пайдалана алады.

### БАЛАЛАРДЫ ЖУҒЫШ ҚҰРАЛДАРДАН АЛЫС ҰСТАҢЫЗ!

Жуғыш заттардың құрамында тітіркендіргіш және коррозияға қарсы, мұрынды ашытатын, ішкенде немесе тыныс алғанда ауыз қуысын және тамақты күйгізетін ингредиенттер бар.

Есік ашық тұрған кезде балаларды ыдыс жуғыш машинадан алыс ұстаңыз. Машинаның ішінде жуғыш құралдың қалдығы болуы мүмкін.

Балаңыз жуғыш құралды ішіп немесе онымен дем алып қойса, дәрігерге жедел хабарласыңыз.







# Қауіпсіздік шаралары

## Ыдыс жуғыш машинаны орнату туралы нұсқаулық

Құрылғыны орнатпай тұрып, оның сыртына зақым келмегенін қарап тексеріңіз. Зақымдалған құрылғыны ешқашан пайдаланбаңыз. Зақымдалған құрылғы қауіпті болуы мүмкін.

Ыдыс жуғыш машинаны тиісті розетка арқылы ғана электр қуатына қосу керек. Ыдыс жуғыш машинаны орнатқаннан кейін оны кез-келген уақытта электр желісінен ажырату үшін розетка оңай қол жететін жерде болуы керек. (**“Ыдыс жуғыш машинаға шолу”** тармағын **38** - беттен қараңыз.)

Ыдыс жуғыш машинаның артында электр розеткалары болмауы керек. Ыдыс жуғыш машина ашаға тиіп тұрса, қызып кетуі және өрт шығуы мүмкін.

Ыдыс жуғыш машинаны пештің астына орнатуға болмайды. Пештің жоғары температурасы ыдыс жуғыш машинаға зақым келтіруі мүмкін. Сондықтан оны ашық оттың немесе басқа да жылу бөлетін, мысалы, қыздырғыштар және т.б. сияқты құрылғылармен қатар орналастыруға болмайды.

Ыдыс жуғыш машинаны толығымен орнатып, есігінің серіппесін реттемей тұрып қуат көзіне қоспаңыз.

Құрылғыны қосу алдында деректер тақтасындағы қосылым деректерінің (кернеу мен қосылған жүктеме) электр желісінің параметрлеріне сәйкес келетінін тексеріңіз. Егер күмән туындаса, білікті электршіге хабарласыңыз.

Құрылғының электр қауіпсіздігі, құрылғы мен оның жерге тұйықтау жүйесі өзара дұрыс қосылса ғана қамтамасыз етіледі. Негізгі қауіпсіздік талаптарының сақталуы және жүйелі түрде тексеріліп отыруы және үйдегі электр жүйесінің жұмысына қатысты күмән туындаса, оны білікті электрикке тексертіп алу аса маңызды болып табылады.

Өндіруші жерге тұйықтау жүйесінің дұрыс орнатпау (мысалы, ток соғуы) салдарларына жауапты емес.

Құрылғыны қуат көзіне көп розеткалы блок немесе ұзартқыш сым арқылы қоспаңыз. Олар құрылғының қауіпсіздігін тиісті деңгейде сақтауға кепілдік бермейді (мысалы, қызып кету қаупіне қарсы).

Құрылғыны кеме сияқты жылжымалы қондырғыларға орнатқаннан кейін, оны білікті инженер тексерсе ғана пайдалануға беруге болады.



Су қосылымының пластик корпусында электрлі бөлшек бар. Корпусты суға батыруға болмайды.

Аквастоп түтігіне электр сымдары орнатылған. Су құятын түтікті ешқашан, тіпті ұзын болса да кеспеңіз.

Орнату, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын білікті және құзыретті маман мемлекеттік және жергілікті қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып ғана орындауы керек. Білікті мамандардан басқалардың құрылғыны жөндеуі немесе оған қатысты басқа да жұмыстарды орындауы қауіпті жағдайға әкелуі мүмкін. Өндіруші өзі рұқсат бермеген жұмыстар үшін жауапты емес.

Кіріктірілген су өткізбейтін жүйе келесі шарттар орындалған жағдайда, құрылғының судан келетін зақымнан қорғайды:

- Ыдыс жуғыш машина дұрыс орнатылған және сантехникалық жұмыстар дұрыс орындалса.
- Ыдыс жуғыш машинаға тиісті күтім көрсетіліп, ауыстырылатын бөлшектерін дер кезінде ауыстырып отырса.
- Құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланбаған кезде (мысалы, мереке күндері) бекітпе қранды ажырату керек.
- Су өткізбейтін жүйе құрылғы ағытылып тұрған кезде де жұмыс істейді. Дегенмен, құрылғы электр қуатына қосылып тұруға тиіс.

Зақымдалған құрылғы қауіпті болуы мүмкін. Ыдыс жуғыш машинаға зақым келсе, оны қуат көзінен ағытып, дилеріңізге немесе қызмет көрсету бөліміне хабарласыңыз.

Рұқсат етілмеген жөндеу жұмыстары күтпеген қауіпті жағдайларға әкелуі мүмкін, мұндай жағдайлар үшін өндіруші жауапкершілік көтермейді. Жөндеу жұмыстарын рұқсаты бар қызмет көрсету технигі ғана орындауға тиіс.

Жарамсыз бөлшектерді тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерге ауыстыру керек. Осы бөлшектер орнатылғаннан кейін ғана құрылғының қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

Техникалық қызмет көрсету үшін ыдыс жуғыш машинаны әрқашан электр желісінен ажыратыңыз (розеткадан ағытып, ашасын суырыңыз).

Қосылым сымна зақым келсе, оны өндірушіден алуға болатын арнайы кабельге ауыстыру қажет. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бұл жұмысты қызмет көрсету бөлімі немесе уәкілетті қызмет технигі орнатуы керек.

Тарақандарды немесе басқа да зиянкестері бар жерлерде құрылғыны және оның айналасын әрқашан таза ұстауға ерекше назар аударыңыз. Тарақандар мен басқа да зиянкестерге байланысты туындаған зақымдардың ешқайсысы кепілдікке жатпайды.



# Қауіпсіздік шаралары

Ақаулық пайда болғанда немесе құрылғыны тазалау кезінде электр қуат көзінен тек төмендегі жағдайларда ғана толық ағытылды деп есептеу керек:

- розеткадан ағытылған және ашасы суырылған болса
- қуат көзінен толық ағытылған немесе
- желілік сақтандырғыштан ағытылған немесе
- бұрама сақтандырғыш алынған (қолданылатын елдерде).

Өндіруші тарапынан рұқсат берілмесе, құрылғыға ешқандай өзгеріс енгізбеңіз.

Құрылғының корпусын/қаптамасын ешқашан ашпаңыз. Электр қосылымдары немесе компоненттері мен механикалық бөліктері бар бөлшектерді өзгерту өте қауіпті және ақауларға немесе ток соғуға әкелуі мүмкін.

Құрылғының кепілдік мерзімі әлі аяқталмаған болса, жөндеу жұмыстарын өндіруші рұқсат берген қызмет көрсету технигі ғана жүргізуі керек. Басқа жағдайларда кепілдік заңды күшінен айырылады.

Өнімді орнатқанда желдетуді қамтамасыз ету үшін өнімнің үстіңгі, сол, оң және артқы жағынан орын қалдыруды ұмытпаңыз. Құрылғы мен раковина арасындағы орын жеткіліксіз болса, раковинаға зақым келуі немесе зең пайда болуы мүмкін.

Ыдыс жуғыш машинаның кермектік параметрінің тұратын жеріңіздегі судың кермектігіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. ("**Тұзды сауыты**") тармағын **48** - беттен қараңыз.)



# Орнату


## Жинақтың құрамы

Өнімнің жинағында барлық бөлшектердің бар екеніне көз жеткізіңіз. Егер ыдыс жуғыш машинаға немесе оның бөлшектеріне қатысты сұрақ туындаса, жергілікті Samsung тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына немесе бөлшек сауда орталығына хабарласыңыз. Ыдыс жуғыш машинаның нақты түрі үлгіге және елге байланысты өзгешелеу болуы мүмкін.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


Ыдыс жуғыш машинаның орамын ашқаннан кейін, орам материалдарын балалардан алыс ұстаңыз.

### Тек DW6\*R707\* үлгілері



Үстіңгі бүйір ернеу (1)

### FB1 (толық кіріктірілген құрылғы, DW6\*R70\*\*BB) үлгілері



Үстіңгі брекет (2)



Ø4 X 14 бұранда (10)



Қорғағыш жапсырма  
(1)




Пластик қақпақ (2)



Ø3,5 X 45 бұранда (4)



Ø3,5 X 16 бұранда (2)



Есік қапсырмасы (2)



Ішкі таған (3)



Панельді бекітуші  
(ағаш панельді  
ұстатқыштар, 2)



Ø3,5 X 25 бұранда (2)




Ø3,9 X 13 бұранда (4)



# Орнату

## SBI (толық кіріктірілген құрылғы, DW6\*R70\*S\*) үлгілері



Үстіңгі бреккет (2)



Ø4 X 14 бұранда (2)



Қорғағыш жапсырма  
(1)



Пластик қақпақ (2)




Ø3,5 X 45 бұранда (4)




Ø3,5 X 16 бұранда (2)



Ішкі таған (3)



Жабысқақ бекітпе (2)



Ағаш тығырық ағаш (6)



Ø3,9 X 13 бұранда (4)


## BU (кіріктіріп орнатылған, DW6\*R70\*\*U\*) үлгілері



Үстіңгі қапсырмалар  
(2)




Ø4 X 14 бұранда (2)




Ішкі таған (3)



Ø3,5 X 16 бұранда (2)



Қорғағыш тақтайша  
қапсырмалары (2)



Қорғағыш тақтайша




Пластик қақпақ (2)



Қорғағыш тақтайша  
бұрандары (4)



Қорғағыш тақтайша  
сомыны (4)



Қорғағыш жапсырма  
(1)



Ø3,9 X 13 бұранда (4)





## Орнату жинағы (жинаққа кірмейді)



Түтік қапсырмасы


## Қажет саймандар (жинаққа кірмейді)



Қорғағыш көзілдірігі



Қолғап



Қол шам



Алдыңғы тірекке арналған кілт (22 мм)




Жұлдыз тәрізді ұшты кілт T15



Тістеуік



Тежеуіш



Метрлік өлшеуіш




Қарындаш



Айқыш ұшты бұранда бұрағыш



Жалпақ ұшты бұранда бұрағыш



Кесуге арналған пышақ



Деңгей



Сақиналы ара (80-100 мм)





# Орнату

## Орнату талаптары

Өрт, электр қатерін болдырмау немесе адам жарақат алуға жол бермеу үшін барлық сымдар мен жерге қосылатын сымдарды білікті техник орнатуы керек.

### Қуатпен жабдықтау

- Ыдыс жуғыш машинаға арналған 220-240 В, 50 Гц жеке жүйесі.
- Ең көбі 16 А қуат шығысы бар қуат көзі (ыдыс жуғыш машина үшін рұқсат етілген макс. 11 А.)

#### ⚠ ЕСКЕРТУ

- Ұзартқыш сымды пайдаланбаңыз.
- Ыдыс жуғыш машинамен бірге жеткізілетін қорек сымын ғана пайдаланыңыз.
- Орнатып болғаннан кейін қуат сымының майысып немесе оған зақым келмегеніне көз жеткізіңіз.

### Жерге тұйықтау

Ыдыс жуғыш машинаны жерге тұрақты тұйықтау үшін оны жердегі металға немесе тұрақты сым жүйесіне қосу керек. Жерге тұйықтайтын өткізгішті жүйенің өткізгіштерімен бірге орналастырып содан кейін оны жерге қосылатын клеммаға немесе ыдыс жуғыш машинаға қосу керек.

#### ⚠ ЕСКЕРТУ

- Жерге қосылатын сымды ешқашан пластик құбыр жүйесіне, газ жүйесіне не ыстық су құбырына жалғамаңыз. Жерге дұрыс тұйықталмаған өткізгіштер электр тоғын өткізуі мүмкін.
- Ыдыс жуғыш машинаның қуат ашасын өзгертпеңіз. Егер қуат ашасы розеткаға сай келмесе, электр маманын шақыртып, сай келетін розетка орнатқызып алыңыз.

### Сумен жабдықтау

- Сумен жабдықтайтын құбырдағы судың қысымы 0,04-1 МПа болуы керек.
- Судың температурасы 60 °С градустан төмен болу керек.
- Судың шүмегіне бұрамасы 3/4" бекітпе қран орнатылу керек.

### Су жылыстап ағу қауіпін азайту үшін:

- Су шүмектеріне қол оңай жететініне көз жеткізіңіз.
- Ыдыс жуғыш машинаны пайдаланбаған кезде су шүмегін жауып қойыңыз.
- Су түтігінің фитинглерінен су жылыстап ағып тұрмағанын уақытылы тексеріңіз.
- Судың жылыстап ағуын тоқтату үшін сумен жабдықтау желісінің қосылымдарын тефлон таспамен немесе басқа тұмшалағыш затпен бітеңіз.

### Аквастоп

Аквастоп- судың жылыстап ағуын болдырмауға арналған электрлі бөлшек. Аквастоп құралы су түтігіне жалғанады және түтікке зақым келгенде суды автоматты түрде тоқтатады.

#### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Аквастопты күтіп ұстаңыз.
- Аквастопқа қосылған су түтігін майыстырмаңыз немесе бұрамаңыз. Аквастоп зақымдалған жағдайда су шүмектерін жабып, қуат ашасын дереу ажыратыңыз. Содан кейін жергілікті Samsung тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына не білікті техникке хабарласыңыз.





### Су төгу

Егер ыдыс жуғыш машинаға арналған су төгетін жүйені пайдалансаңыз, су төгетін түтікті еденнен 30-70 см биік орналасқан су төгетін жүйеге жалғаңыз. Еденнен 80 см биік орналасқан су төгетін жүйеге су төгетін түтік жалғанса, ағынды су кері ағуы мүмкін.

### Еденге орналастыру

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ыдыс жуғыш машинаны қатты еденге орнату керек. Дірілді азайту үшін ағаш еденді қосымша арматуралау керек. Кілем немесе жұмсақ тақта төселген еденге орнатпаңыз. Кілем және жұмсақ тақта төселген еден діріл туғызуы және жұмыс істеп тұрған ыдыс жуғыш машинаны ақырын жылжытуы мүмкін.

### ЕСКЕРТУ

Ыдыс жуғыш машинаны берік емес төсемге орнатпаңыз.

### Қоршаған орта температурасы

Ыдыс жуғыш машинаны төмен температуралы жерге орнатпаңыз. Ыдыс жуғыш машинаның су клапанында, сорғысында және түтігінде әрқашан шамалы су қалып отырады. Ыдыс жуғыш машинада немесе түтіктерінде су қатып қалса, бұл ыдыс жуғыш машинаға және оның бөлшектеріне зақым келтіруі мүмкін.

### Сынақ кезеңі

Ыдыс жуғыш машинаны орнатқаннан кейін дұрыс орнатылғанына көз жеткізу үшін Жылдам циклын іске қосыңыз.







# Орнату

## Орнату қадамдары

Орнату қадамы үлгіге байланысты басқаша болуы мүмкін.

### ҚАДАМ: 1 Орын таңдау



Келесі шарттарға сәйкес келетін орынды таңдаңыз.

- Еден ыдыс жуғыш машинаның салмағын көтере алатындай қатты болуы керек.
- Орнатылатын орын электр, су төгу және су құю жүйелеріне оңай қол жететін раковинаға жақын болуы керек.
- Ыдыс жуғыш машинаға ыдыс-аяқты кедергісіз салуға болатын орын болуы керек.
- Ыдыс жуғыш машинаның есігін оңай ашуға және ыдыс жуғыш машина мен басқа жиһаздың арасында жеткілікті орын болатын жер болуы керек.
- Артқы қабырға кедергі болмауы керек.

### Жаңа орынға орнату


Ыдыс жуғыш машинаны жаңа орынға орнатсаңыз, ыдыс жуғыш машинаны орнатпас бұрын осы нұсқауларды басшылыққа алыңыз.

1. Сақиналы араны пайдаланып шкафтың бүйір қабырғасынан (A) раковинасын ұстап тұратындай саңылау жасаңыз.
2. Раковинасы бар шкаф тағаны ас үй еденінен биік болса және ыдыс жуғыш қосылымдарынан жоғары болса, шкафтың ішіндегі тағанға және шкаф бүйіріне (B) саңылауын жасаңыз.

### ⓘ ЕСКЕРТПЕ

- Ескі ыдыс жуғышты ауыстырсаңыз, бұрын орнатылған қосылымдардың жаңа ыдыс жуғышқа сәйкес келетінін тексеріңіз, қажет болса қосылымдарды ауыстырыңыз.
- Электр розеткасының орналасуына сәйкес жиһаздың қарсы жағына саңылау салу керек болуы мүмкін.

## Корпустың өлшемдері



Орналу


### ЕСКЕРТПЕ

Еден мен жұмыс бетінің астыңғы бөлігінің арасындағы қашықтық 850 мм-ден асатынын тексеріңіз. Егер солай болса, орнату жинағына кіретін ішкі тіректі орнатыңыз. Толық ақпаратты келесі тараудан қараңыз. Егер қашықтық 850 мм-ден аз болса, 3-ҚАДАМҒА өтіңіз.

# Орнату

## ҚАДАМ: 2 Ішкі тағаны салу үшін (жеке орнатылатын үлгіні қоспағанда)

Еденмен жұмыс бетінің астыңғы бөлігінің арасындағы қашықтық 850 мм-ден артық болса, орнату алдында ыдыс жуғыш машинаның табанындағы саңылауға ішкі тіректі салыңыз.



1. Ыдыс жуғыш машинаны шалқасынан жатқызып қойыңыз.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Ыдыс жуғыш машинаны бүйір жағымен қоймаңыз. Су ағуы мүмкін.


2. Орнатуға арналған жинақтан ішкі тіректі тауып, содан кейін суретте көрсетілгендей ыдыс жуғыш машинаның табанындағы саңылауға ішкі тіректі салыңыз.

## ҚАДАМ: 3 Сумен жабдықтау жүйесін тексеріңіз


- Су құбырындағы қысым 0,04 МПа және 1,0 МПа аралығында болуы керек.
- Су температурасының 60 °C градустан аспайтынын тексеріңіз. Ыстық су температурасы 60 °C градустан асып кетсе, ыдыс жуғыш машина дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Сумен жабдықтау жүйесін ыдыс жуғыш машинаға қосу алдында сумен жабдықтау клапанының сәндірулі екеніне көз жеткізіңіз.




## ҚАДАМ: 4 Түтіктерді орналастырыңыз



1. Үстіңгі тақтайдың астыңғы жағын тазалаңыз.



2. Қорғағыш жапсырманы көрсетілгендей бекітіңіз.



3. Қуат ашасын, су құятын және төгетін түтікті раковинаның саңылауынан шығарыңыз.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Қуат ашасы немесе түтіктерді майыстыруға немесе басуға болмайды.
- Ыдыс жуғыш машинаның артқы жағындағы қоңыр қағазды алмаңыз. Қағаз құрылғының артқы бөлігін қабырғадан қорғау үшін қолданылады.




# Орнату

**ҚАДАМ: 5** Бапталатын панельді орнату (Толық және жартылай кіріктіріліп орнатылатын үлгілер үшін)

**FBI (толық кіріктірілген құрылғы, DW6\*R70\*\*BB) үлгілері**


Орнату




1. Панельдің артқы жағына бекіткіш шаблонды қойып, мөлдір таспаны пайдаланып уақытша бекітіңіз. Панельдің артқы жағы ыдыс жуғыш машинаның есігіне бекітілгеніне назар аударыңыз.

**⚠ АБАЙЛАҢЫЗ**


- Панельдің жоғарғы шетін бекіткіш шаблонның жоғарғы шетімен деңгейлестіру керек.
  - 3 кг мен 7 кг арасындағы бапталатын панельді пайдаланыңыз.
2. Бекіткіш шаблоннан 14 нүктені белгілеңіз.



3. Бекіткіш шаблонды алыңыз содан кейін суретте көрсетілгендей **панельдің бекіткіштерін (A) 2 бұранданың (B, Ø3,5 X 25)** көмегімен бекітіңіз.




4. Суретте көрсетілгендей есік қапсырмасын (С) 8 бұрандамен (D, Ø4 X 14) бекітіңіз.



5. Панельді бекіту үшін панельдегі есіктің қапсырмаларын (С) ыдыс жуғыш машина есігіндегі саңылауларға (Е) енгізіңіз.
6. Панельді суретте көрсетілгендей ұстап тұрып, есікке бекітіңіз және панель бекіткіштерін (А) саңылауларға (F) кіргізіңіз.
7. Панельді бекіту үшін төмен қарай басыңыз.

**⚠ АБАЙЛАҢЫЗ**

Ыдыс жуғыш машинаның үстіңгі жағынан панельді 30 мм-ден артық асыруға болмайды.




8. Есік шамамен 30 градусқа ашылған кезде серіппені реттеңіз. Есік өз қалпын сақтап, ашылмауы керек.

**⚠ АБАЙЛАҢЫЗ**

- Есік толық ашық тұрған кезде серіппені реттемеңіз.
- Егер бапталатын панельдің салмағы 7 кг-нан асса, есік ашылып кетуі мүмкін.
- Салмағы 7 кг-нан асатын бапталатын панельдерді қолданбаған дұрыс.

# Орнату


Орнату



9. Ыдыс жуғыш машинаның есігін ашып, 4 бұранданы алыңыз.




**⚠ АБАЙЛАҢЫЗ**

Есікті ашқан кезде сақ болыңыз. Серіппе дұрыс реттелмесе есік күтпеген жерде ашылып немесе жабылып, денені жарақаттауы мүмкін.



10. 4 бұранданы (3,5 X 45) бұрап, панельді есікке бекітіңіз.

## SBI (толық кіріктірілген құрылғы, DW6\*R70\*S\*) үлгілері



1. Ыдыс жуғыш машинаны жиһаздың ішіне түгелдей кіргізіңіз.
2. Бекіткіш шаблонның үстіңгі жағын ыдыс жуғыш машина есігінің тұтқасының астына туралаңыз.
3. Бекіткіш шаблонның үстіңгі жағында, жиһаздың үстіңгі жиегінен нүкте белгілеңіз.

4. Бекіткіш шаблонды панельдің артқы жағына қойыңыз. Содан кейін бекіткіш шаблондағы белгілерді панельдің үстіңгі жиегімен туралаңыз.
5. Бекіткіш шаблондағы панельге бекіту үшін түссіз үлдірді пайдаланыңыз.
6. Панельдің үстінде бекіткіш шаблонға сәйкес 4 бұранда тесігі орналасатын жерді белгілеңіз.
7. Бекіткіш шаблонды алып тастаңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

Панельдің артқы жағы ыдыс жуғыш машинаның есігіне бекітіледі.

Панельдің биіктігінің көп дегенде 595 мм екеніне көз жеткізіңіз.



### АБАЙЛАҢЫЗ

3 кг мен 6 кг арасындағы бапталатын панельді пайдаланыңыз.



# Орнату


Орнату




8. Ыдыс жуғыш машинаны жиһаздың астынан жартылай сыртқа тартыңыз.
9. Жалпы биіктігі шұңғылша шкафы мен басқару панелінің арасындағы бос орынды толтыратын бір немесе бірнеше ағаш тығырықты бекітіңіз.
  - Бұл жердегі бос орын жоғарыдағы 5-қадамдағы өлшеу мәнімен бірдей.
  - Тығырықтардың орны мен санын сол жақтағы суреттерден қараңыз.

## ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Ағаш тығырықтардың жалпы биіктігі өлшенген биіктіктердің айырмашылығынан аспауға тиіс. Әйтпесе бапталатын панель дәл келмеуі мүмкін.



10. Жабысқақ бекітпелердің 2 данасын есіктің сыртқы және артқы бапталатын панеліне суретте көрсетілгендей етіп бекітіңіз.
11. Бапталатын панельді бекіту үшін жабысқақ бекітпелерді жабыстырыңыз.




12. Ыдыс жуғыш машинаның есігін ашып, 4 бұранданы алыңыз.


**⚠ АБАЙЛАҢЫЗ**

Есікті ашқан кезде сақ болыңыз. Серіппе дұрыс реттелмесе есік күтпеген жерде ашылып немесе жабылып, денені жарақаттауы мүмкін.

# Орнату



13. Панельді 4 бұраңданың (Ø4 X 43) көмегімен есікке бұрап бекітіңіз.



14. Есік шамамен 30 градусқа ашылған кезде серіппені реттеңіз. Есік өз қалпын сақтап, ашылмауы керек.


## ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Есік толық ашық тұрған кезде серіппені реттемеңіз.
- Егер бапталатын панельдің салмағы 6 кг-нан асса, есік ашылып кетуі мүмкін.
- Салмағы 6 кг-нан асатын бапталатын панельдерді қолданбаған дұрыс.

---

## ҚАДАМ: 6 Ернеуді орнату (DW6\*R707\* үлгілері үшін)

---





DW6\*R707\* үлгілерінің шуыл деңгейін азайту үшін ернеуді пайдалануға болады

1. Үстіңгі бүйір ернеуді орнату үшін ернеудің артқы жағындағы екі жақты жабысқақ таспаның қорғағыш винилін алып тастаңыз.


# Орнату

Орнату







2. Ернеудің ілмегін барабанның үстіңгі қапсырмасының артқы жағына сұғыңыз.
3. Жинаққа кіретін бұрандаларды төрт тесікке бекітіңіз.

## ҚАДАМ: 7 Ыдыс жуғыш машинаның деңгейін реттеңіз



Ыдыс жуғыш машинаны деңгейлестіру арқылы оның биіктігін реттеуге болады. Есіңізде болсын, осы қадамдар кезінде ыдыс жуғыш машина жартылай орнатылған.

1. Ыдыс жуғыш машинаның деңгейін тексеру үшін деңгей тексергішті пайдаланыңыз.
2. Алдыңғы биіктікті реттеу үшін жалпақ ұшты (-) бұрағышты пайдаланыңыз.
  - Аласарту үшін тіректі сағат тіліне қарсы бұраңыз.
  - Биіктету үшін тағанды сағат тілінің бағытымен бұраңыз.



3. Артқы биіктікті реттеу үшін айқас ұшты бұрағышты ыдыс жуғыш машинаның түбінің ортасына сұғыңыз.
  - Аласарту үшін бұранда бұрағышты сағат тілінің бағытымен бұраңыз.
  - Биіктету үшін бұранда бұрағышты сағат тіліне қарсы бұраңыз.
  - Ыдыс жуғыш машинаның деңгейін тексеру үшін есік пен құрылғы ішіндегі сөреге деңгейді анықтайтын ватерпасты қойыңыз.

4. Ыдыс жуғыш машинаның үсті мен жиһаз бетінің астыңғы жағының арасында кем дегенде 5 мм бос жер қалдырыңыз.

5. Деңгейлестіру аяқталғаннан кейін есіктің дұрыс ашылып-жабылатынын тексеріңіз.




# Орнату


## ҚАДАМ: 8 Ыдыс жуғыш машинаны бекіту

Ыдыс жуғыш машинаны бетке орнату үшін қапсырмаларды пайдалануға болады. Сонымен қатар ыдыс жуғыш машинаны корпус қабырғаларына бекіту үшін бүйірлік саңылауларды бұрғылауға болады.


### Қапсырмалардың көмегімен жиһаз ішінен орналастыру



1. Қапсырмаларды ыдыс жуғыш машинаның жоғарғы алдыңғы саңылауларына суретте көрсетілгендей етіп салыңыз.



2. Жиһаз ішіне ыдыс жуғыш машинаны толығымен орналастырыңыз.






3. Қапсырмаларды бекіту үшін 2 бұранданы (Ø4 X 14) қатайтыңыз.

#### ЕСКЕРТПЕ

Ыдыс жуғыш машинаны жиһаз ішіне бекіткеннен кейін бірнеше бұранда қалады. Осы бұрандаларды жай ғана алып тастай салуға немесе қаласаңыз, ыдыс жуғыш машинаның қабырғаларын шкафқа бекіту үшін қолдануға болады.

4. Су құятын түтіккі жалғаңыз, бірақ орнатып біткенге дейін су шүмегін ашпаңыз.

## Бүйірлік жақтауларға



### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


Пластик қақпақтар құрастырылмай тұрса, су ағып, өрт шығып және электр тоғы соғуы мүмкін.

1. Пластик қақпақтарды алыңыз.
2. 2 бұранданы (Ø3,5 X 16) 2 жерге (суретте белгіленген) қатайтып бұраңыз.
3. Пластик қақпақтарды бұрандаларды бекітетін 2-і орынға салыңыз.
4. Су құятын түтікті жалғаңыз, бірақ орнатып біткенге дейін су шүмегін ашпаңыз.



# Орнату

## ҚАДАМ: 9 Су төгетін түтікті жалғаңыз



1. Су төгетін түтікті төгетін саңылауға жалғаңыз.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Су төгетін түтікті суды төгу кезінде су төгетін саңылаудан шығып кетпеуі үшін төгу жүйесіне дұрыс орнатыңыз.
- Су төгетін түтіктің, сумен жабдықтау түтігінің және қорек сымның майыспағанына немесе бүктелмегеніне көз жеткізіңіз.

## ҚАДАМ: 10 Соңғы тексеру


1. Ыдыс жуғыш машинаның ішінен көбік, қағаз орамасын және керексіз бөлшектерді алып тастаңыз.
2. Айырып-қосқышты қосыңыз.
3. Ыдыс жуғыш машинаға су жіберу үшін су құятын клапанды ашыңыз.
4. Ыдыс жуғыш машинаны қуат көзіне қосып, іске қосыңыз. Содан кейін Жылдам циклын таңдап іске қосыңыз.
5. Ыдыс жуғыш машинаның дұрыс қосылып тұрғанын және ыдыс жуғыш машина жұмыс істеп тұрғанда су ақпайтынын тексеріңіз. Су құбыры мен су төгетін түтік қосқышының екі басынан да судың ағып кетпегенін тексеріңіз.




## Безендірілген тақта

Безендірілген тақтаны үлгіге немесе орнату жағдайларына сәйкес бекітуге болады.


### Безендірілген тақта



1. Безендірілген тақтаны ыдыс жуғыш машинаның табанына қойыңыз.
2. Ыдыс жуғыш машинаның есігін ашып, безендірілген тақтаның есікпен беттесетін жеріне сызық сызыңыз.



3. Безендірілген тақтаны сызықтың бойымен арамен кесіңіз.




4. Кесілген безендірілген тақтаны ыдыс жуғыш машинаның түбіне бетіңіз. Ыдыс жуғыш машинаның есігіне тақтаның кедергі жасамайтындығына көз жеткізіңіз.






# Орнату

## Алдын ала кесілген безендірілген тақта (DW6\*R70\*\*U\* топтамасы)




1. Жинаққа кіретін қапсырмаларды ыдыс жуғыш машинаның түбіне салыңыз. Оларды орнына бұраңыз.
  - Қапсырмаларды дұрыстап бекіту реті мен орналастырылуын сол жақтағы суреттен қараңыз.



2. Алдын ала кесілген безендірілген тақтаны әуелі қапсырмалардың ішіне сұғыңыз да, тақтаны бекіту үшін бұрандаларды қатайтыңыз. Сол жақтағы суреттерді қарап, қапсырмалардың дұрыс орынға орналастырыңыз.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Безендірілген тақтаның ыдыс жуғыш машинаның есігін ашып-жабуға кедергі жасамайтынына көз жеткізіңіз.




3. Қапсырмалары бар безендірілген тақтаны суретте көрсетілгендей ыдыс жуғыш машинаның ішіне итеріңіз.





## Қорғағыш тақтайша (DW6\*R70\*\*U\* топтамасы)


Қорғағыш тақтайшаны орнатқыңыз келсе, төмендегі қадамдарды орындаңыз.



1. Жинаққа кіретін қапсырмаларды ыдыс жуғыш машинаның түбіне салыңыз. Оларды орнына бұраңыз.
  - Қапсырмаларды дұрыстап бекіту реті мен орналастырылуын сол жақтағы суреттен қараңыз.
2. Әуелі қорғағыш тақтайшаны қапсырмаларға сұғыңыз да, содан кейін қорғағыш тақтайшаны бекіту үшін оның 4 бұраны мен сомынын қатайтып бұраңыз.

### ⓘ ЕСКЕРТПЕ


Егер ыдыс жуғыш машинаның тіреуіш аяғын теңесіру арқылы көтерсеңіз, қорғағыш тақтайшаны оның түбіне дәл келетіндей етіп жылжытыңыз.



3. Қапсырмалары бар қорғағыш тақтайшаны суретте көрсетілгендей ыдыс жуғыш машинаның астына итеріңіз.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Қорғағыш тақтайшаның ыдыс жуғыш машинаның есігін ашып-жабуға кедергі жасамайтынына көз жеткізіңіз.




# Іске кірісу алдында

Ыдыс жуғыш машина мінсіз жұмыс істеп, ыдыс жуатын кезде адамға еш қатер төнбес үшін осы нұсқауларды мұқият орындаңыз.

## Ыдыс жуғыш машинаға шолу

DW6\***R707\***/DW6\***R705\*** үлгілері



01 Ас үй құралдарының сәресі

02 Үстіңгі сәре

03 Тұзды сауыты

04 Астыңғы сәре

05 Үлестіргіш

06 Шыны тіреу  
(DW6\***R707\*** үлгісі)


07 Есік

08 Тағаны

09 Су құятын түтік

10 Су төгетін түтік

## DW6\*R704\* үлгінегі



Іске кірісу алдында

01 Пышақ сәресі

02 Үстіңгі сөре

03 Тұзды сауыты

04 Астыңғы сөре

05 Үлестіргіш

06 Ас құралдары себеті

07 Есік

08 Тағаны

09 Су құятын түтік

10 Су төгетін түтік



# Іске кірісу алдында

## АБАЙЛАҢЫЗ

- Күл, құм, балауыз жағылған, майланған немесе боялған заттарды жууға болмайды. Бұл материалдар ыдыс жуғыш машинаны зақымдауы мүмкін. Күл ерімейді және ыдыс жуғыш машинаның ішіне жайылады.
- Ыдыстарды сүйек, жеміс тұқымы және т.б. тәрізді тағам қалдықтарынан, сонымен бірге тіс тазартқыштар, қағаздан жасалған майлықтар тәрізді қоқыстардан тазарту керек. Тағам қалдықтары мен қоқыстар шулы дыбыс шығарып, ыдыс жуғыш машинаның жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін және ыдыс пен ыдыс жуғыш машинаны зақымдайды.

## Ыдыс жуғыш машинада жууға болмайтын заттар

### ЕСКЕРТУ

Өндіруші ыдыс жуғыш машина үшін қауіпсіз деп санайтын шыны, фарфор және ас үй құралдары сияқты заттарды ғана жуыңыз. Алюминийді жууға болмайды (мысалы, май сүзгісі). Ыдыс жуғыш машина алюминийді зақымдауы немесе төтенше жағдайларда қатерлі химиялық реакцияларға алып келуі мүмкін.

### **Ыдыс жуғыш машинада келесі заттарды жууға болмайды.**

- Мыстан, жезден, қалайыдан, піл сүйегінен және алюминийден жасалған заттар немесе жабысқақ заттар
- Қызуға төзімсіз пластиктер
- Қолөнер бұйымдары, антиквариаттар, құнды вазалар және сәндік шыны ыдыстар
- Күйіктас немесе зерленген күйіктас бұйымдары
- Ағаштан жасалған ас үй құралдары мен ыдыс-аяқтар немесе ағаш бөлшектері бар заттар
- Қорғасын кристалдан жасалған шыны ыдыс немесе нәзік шыны ыдыс Жиі жуылған ыдыстар күңгіртенуі мүмкін.

### ЕСКЕРТПЕ

Құрамында күкірті бар азық-түлік өнімдер салынған күміс ыдыстар түссізденуі мүмкін. Күкірт қышқылы бар азық-түлікке жұмыртқаның сарыуызы, пияз, майонез, қыша, балық, тұзды балық және тұздықтар жатады.




## Сөрелерді пайдаланудың негізі

### Биіктікті реттеу

Үстіңгі сөренің биіктігін астыңғы сөреге өлшемдері үлкен ыдыстарды орналастыру үшін реттеуге болады. Үстіңгі сөренің биіктігіне қарай, астыңғы сөреге диаметрі 30 см-ге дейінгі тәрелкелерді, ал үстіңгі сөреге диаметрі 18 см-ге дейінгі (ас құралдары сөресімен) тәрелкелерді немесе 25 см-ге дейінгі тәрелкелерді (ас үй құралдары сөресімен) орналастыруға болады.

#### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Үстіңгі сөренің биіктігін ыдыс-аяқтарды сөреге салмай тұрып деңгейлеңіз. Егер сөбетке ыдыс-аяқты салғаннан кейін деңгейлейтін болсаңыз, онда ыдыс-аяққа зақым келтіруі мүмкін.
- Деңгейлеу кезінде екі тұтқадан міндетті түрде ұстап тұрыңыз, ыдыс жуғыш машинаның есігі дұрыс жабылмай қалуы мүмкін.




- Үстіңгі сөрені көтеру үшін үстіңгі сөренің өзін ғана жоғары қарай тартыңыз. Реттелетін тұтқа бекітіліп, үстіңгі сөре жоғары көтеріледі.
- Үстіңгі сөрені төмендету үшін үстіңгі сөренің сол және оң жағында орналасқан реттелетін тұтқаларды ұстап тұрыңыз, содан кейін біркелкі төмен қарай басыңыз.

### Үстіңгі сөрені ағытып алу

#### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Ыдыс жуғыш машинаны үстіңгі сөресіз пайдаланбаңыз. Шуыл пайда болып, ыдыс жуғыш машина дұрыс жұмыс істемейді.
- Үстіңгі сөре алынбалы болғандықтан, ыдыс жуғыш машина дұрыс жұмыс істеуі үшін үстіңгі сөрені дұрыс орналастырыңыз.

Үстіңгі сөрені толығымен алға қарай тартыңыз, содан кейін алып тастау үшін сәл көтеріңіз. Төмендегі суретке қараңыз.





# Іске кірісу алдында

## Ыдыс-аяқтарды салу

### Астыңғы сөре


Оңай жуылмайтын үлкен (кәстрөл, таба, қақпақ, төрелке және шыныаяқ) заттарды астыңғы сөреге салуды ұсынамыз.

Ас табақтары мен қақпақтарды үстіңгі түтікшенің айналуына кедергі келтірмес үшін сөрелердің бүйір жақтарына салған дұрыс. Кәстрөл, шаралар т.с.с. заттарды ернеуін төмен қаратып салу керек.


Терең кәстрөлдердің суы ағып кетуі үшін жантайтып салу керек.

Астыңғы сөреде үлкен кәстрөл мен табаны оңай жүктеу үшін қайырымалы тістері бар.

Іске кірісу алдында



DW6\*R707\*/DW6\*R705\* үлгілері



DW6\*R704\* үлгілері


### ЕСКЕРТПЕ

Ұзын заттарды, ас құралдарын, салат қалақшаларын және ұзын пышақтарды түтіктердің жұмысына кедергі келтірмеу үшін сөреге қою керек.



### Қайырмалы тістерді пайдалану


Көстрөлдер мен табаларды ыңғайлы салу үшін тістерді суретте көрсетілгендей төмен қайырып қоюға болады.




Іске кірісу алдында

### Үстіңгі сөре

Үстіңгі сөре стакан, кофе және шай кеселері мен табақтары, сонымен қатар табақ, кішкене шыныаяқтар аласа көстрөлдер (егер қатты лас болмаса) тәрізді осал және жеңіл заттарды қоюға арналған. Ыдыс-аяқтар мен ас құралдарын су бүріккіштері қозғамайтын етіп орналастырыңыз. Стакандар, кеселер мен шыныаяқтарды әрқашан төмен қаратып қойыңыз.



DW6\*R707\*/DW6\*R705\* үлгілері




DW6\*R704\* үлгілері





# Іске кірісу алдында

## Ас үй құралдары сәресі (DW6\*R707\*/DW6\*R705\* үлгілері)




Ас үй құралдарының сәресі ас құралдары мен пісіру немесе үстелге тартатын ыдыстарға арналған. Ас үй құралдарының сәресін ас құралдары мен ыдыстар үшін пайдаланыңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

Үлкен заттарды тазалау үшін үстіңгі сәреде көбірек орын қажет болса, ас үй құралдарының сәресін алып қоюға болады.

Іске кірісу алдында

## Шыны тіреуішті пайдалану (DW6\*R707\* үлгілері үшін)



Шыны тіреуіш әсіресе шарап құятын бокалдар үшін өте қолайлы. Шарап құятын бокалдарды шыны тіреуіштің тармақтарына іліңіз. Шыны тіреуішті пайдаланбаған кезде оны бүктеп қойыңыз.



## Жуғыш зат салынатын бөлік

Барлық жуу циклдары үшін жуғыш зат сауытын жуғыш затпен толтыру керек. Таңдалған цикл барынша тиімді жұмыс істеу үшін ұсынылатын жуғыш затты қолданыңыз.


### ⚠ ЕСКЕРТУ

- Ыдыс жуғыш құралды аузыңызға алмаңыз. Жуғыш заттың буымен тыныс алмаңыз. Кір жуғыш машинаның жуғыш заттарының құрамында тыныс жолдарының ауыруларын тудыратын тітіркендіргіш және жеміргіш заттар бар. Ыдыс жуғыш машинаның жуғыш затын жұтып немесе жуғыш заттың буымен дем алсаңыз, дереу дәрігерлік көмек алыңыз.
- Жуғыш заттарды балалардың қолы жетпейтін жерге сақтаңыз.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Кір жуғыш машинаға арналған жуғыш затты ғана пайдаланыңыз. Жуғыш заттың басқа түрлерін пайдаланғанда көбік тым көп шығатындықтан, ыдыс жуғыш машинаның жұмысына әсер етіп, оның жұмыс істемей қалуына әкелуі мүмкін.


### Жуғыш затты толтыру



1. Оң жақтағы жуғыш зат үлестіргішінің босатқышын басып, жуғыш зат үлестіргішінің қаппағын ашыңыз.


### 📖 ЕСКЕРТПЕ

Жуу циклының соңында қаппақ ашық тұрады.




2. Негізгі жуғыш зат салынатын сауытқа жуғыш затты ұсынылатын мөлшерде салыңыз.

## Іске кірісу алдында



3. Қақпақты жоғары қарай жылжытып, ашыңыз.



4. Егер заттар қатты ластанған болса, жақсы тазалау үшін есікке аз мөлшерде жуғыш затты құйыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

Қосымша жуғыш зат алдын ала жуу кезінде іске қосылады.

Жуу кезінде жуғыш затты мөлшерлеу үшін қақпақ өздігінен ашылады.

## Шайғыш зат сауыты


Шайғыш зат ыдыс жуғыш машинаның жұмыс тиімділігін арттырады. Басқару панеліндегі Шайғыш затты толтыру индикаторы жанғанда, шайғыш затты толтырыңыз. Тек сұйық шайғыш затты қолданыңыз.

Ұнтақ жуғыш заттан сауыттың ернеуі бітеліп, ыдыс жуғыш машина дұрыс жұмыс істемей қалуы мүмкін.


### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Шайғыш зат сауытына жуғыш заттың қандай да бір түрін салмаңыз.
- Сауытты шамадан көп толтырмаңыз. Цикл кезінде шамадан тыс шайғыш зат толуы мүмкін.

### Шайғыш затпен толтыру



1. Шайғыш зат сауытының қақпағын ашыңыз.




2. Шайғыш зат сауытын шайғыш затпен толтырыңыз.

### 📖 ЕСКЕРТПЕ

Шайғыш затты толтырғанда бақылау тесігін пайдаланыңыз.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Сауытты деңгейінен асырып толтырмаңыз. Артық салынған шайғыш зат жуу циклы кезінде төгіледі.



3. Шайғыш зат сауытының қақпағын жабыңыз.




# Іске кірісу алдында

## Тұзды сауыты

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Ыдыс жуғыш машинаға арналған арнайы тұзды ғана қолданыңыз. Басқа тұзды немесе еріткішті қолдануға болмайды. Бұл тұз сауытын және су жұмсартқыш жүйеге нұқсан келтіруі мүмкін.
- Тым көп мөлшерде тұзды немесе тұзды суға байланысты тоттануға жол бермеу үшін тұз сауытын жуу циклі басталғанға дейін толтырыңыз.

### Тұз сауытын толтыру



1. Есікті ашыңыз.
2. Ашу үшін қақпақты сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз.

3. Тұз сауытын сумен толтырыңыз (тек ыдыс жуғыш машинаны бірінші рет пайдаланғанда ғана қажет).
4. Ыдыс жуғыш машинаға арналған тұзды қолданыңыз.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Ең көп сыйымдылық - 1 кг. Сыйымдылығын асырмаңыз.
- Сыйымдылығынан асыру, ыдыс жуғыш машинаның жұмысына әсер етуі мүмкін.

5. Қақпақты сағат тілінің бағытымен бұрап жабыңыз.

### 📖 ЕСКЕРТПЕ


- Ыдыс жуғыш машинаны тұз немесе тұзды судан тазалау үшін Жылдам циклын қосыңыз.
- Тұз түйіршіктерінің мөлшеріне байланысты тұздың еруі және (S) индикаторының сөнуі біршама уақытқа созылуы мүмкін.

## Тұз индикаторы

Келесі бірнеше цикл үшін тұз жеткіліксіз болса ( S ) индикаторы қосылады.

## Сенсорлық панельдің сезімталдығы

Сенсорлық панельдің сезімталдылығы төмендеп кетпеу үшін мына нұсқауларды орындаңыз.



- Өр түйменің ортасын саусағыңызбен түртіңіз.
- Бір уақытта бір сенсорлы түймеден басқасын басудан сақ болыңыз.
- Басқару панелінің бетін жұмсақ, дымқыл шүберекпен уақытылы тазалаңыз.

Іске кірісу алдында





# Іске кірісу алдында

## Режим параметрлері

Егер қаласаңыз, дыбысты, есікті автоматты ашу функциясын және судың кермектілігі параметрлерін өзгерте аласыз.

### Режим параметрлеріне кіру

1. Ыдыс жуғыш машинаны қосыңыз.
2. Ыдыс жуғыш машинаны тоққа қосқаннан кейін 60 секунд ішінде **АВТОМАТТЫ** цикл түймесін бес секунд басып ұстап тұрыңыз.
  - Параметрлер режиміне кіргенде дисплейде “0:00” көрсетіледі.

### Дыбыс параметрі

Дыбысты қосуға немесе сөндіруге болады.

1. Дыбыс параметрлері мәзірін таңдау үшін **Тек астыңғы сөре ғана** түймесін басыңыз.
  - Дисплейде қазіргі параметрлер көрсетіледі. (Әдепкі параметр: “U1”)
2. Параметрді өзгерту үшін **АВТОМАТТЫ** цикл түймесін басыңыз.
  - U0: Дыбысты ажырату
  - U1: Дыбыстық сигналды қосу
3. Параметрді сақтау үшін 5 секунд күтіңіз.

### Есікті автоматты түрде ашу функциясын баптау

Жақсырақ келтіру нәтижелеріне қол жеткізу үшін әр циклдан кейін есікті автоматты ашуға арналған режимді ыдыс жуғыш машинаға орнатуға болады.

1. Есікті автоматты ашу функциясы параметрінің мәзірін таңдау үшін **Жылдамдық арттырғыш** түймесін басыңыз.
  - Дисплейде қазіргі параметрлер көрсетіледі. (Әдепкі параметр: “A1”)
2. Параметрді өзгерту үшін **АВТОМАТТЫ** цикл түймесін басыңыз.
  - A0: Функция сөндірілген
  - A1: Функция қосылған
3. Параметрді сақтау үшін 5 секунд күтіңіз.





### Шайғыш зат деңгейінің параметрі

Цикл кезінде қолданылатын шайғыш заттың мөлшерін өзгертуге болады.

1. Шайғыш зат деңгейі параметрінің мәзірін таңдау үшін **Зарарсыздандыру** түймесін басыңыз.
  - Дисплейде қазіргі параметрлер көрсетіледі. (Әдепкі параметр: “d4”)
2. Параметрді өзгерту үшін **АВТОМАТТЫ** цикл түймесін басыңыз.
  - d1 - d5 дейін (ең аз – ең көп) таңдай аласыз.
3. Параметрді сақтау үшін 5 секунд күтіңіз.

### Су кермектік деңгейінің параметрі

Су кермектігінің деңгейін аймағыңыздағы су кермектігіне сәйкес өзгерте аласыз. Бұл параметрді өзгерту ыдыс жуу машинасының тұз сауытындағы тұзды тұтынуға әсер етеді.

1. Су кермектік деңгейі параметрінің мәзірін таңдау үшін **Кешіктіріп бастау** түймесін басыңыз.
  - Дисплейде қазіргі параметрлер көрсетіледі. (Әдепкі параметр: “H4”)
2. Параметрді өзгерту үшін **АВТОМАТТЫ** цикл түймесін басыңыз.
  - H1 – H6 (жұмсақ – кермек) дейін таңдай аласыз.
3. Параметрді сақтау үшін 5 секунд күтіңіз.

### ЕСКЕРТПЕ


- Параметрді кестеде көрсетілгендей өзгерту үшін “**Тұздың салынатын мөлшерін реттеу**” тарауын 56-беттен қараңыз.
- Зауыттық параметрлер: H4 (EN50242)
- Ыдыс жуу машинасы параметрдің орнатылуына қарай су жұмсартқышты 3-4 циклде бір рет қалпына келтіреді. Дегенмен, ыдыс жуғыш машина параметрді өзгерткеннен кейін су жұмсартқышты бірінші циклде қалпына келтіреді.




# Іске пайдалану

## Басқару панелі

### DW6\*R707\*, DW6\*R705\* үлгілері







### DW6\*R704\* үлгілері



<b>01</b> POWER (ҚҰАТ)	Ыдыс жуғыш машинаны қосу/сөндіру үшін басыңыз.
<b>02</b> Цикл	Қажетті жуу циклін таңдау үшін басыңыз. Толық ақпаратты “ <b>Циклға шолу жасау</b> ” бөлімін <b>54</b> -беттерінен ашып қараңыз.
<b>03</b> Тек астыңғы сөре ғана	Электр қуатын үнемдеу үшін ыдысты тек астыңғы сөрені пайдаланып жуу түймесін басыңыз.
<b>04</b> Жылдамдық арттырғыш	Цикл уақытын азайту үшін осы параметрді таңдаңыз. Бұл параметр тек АВТОМАТТЫ, ЭКО, Қарқынды және Нәзік циклдарында ғана қолданылады.
<b>05</b> Зарарсыздандыру	Жоғары температурада зарарсыздандыру үрдісімен шаю циклын аяқтаған кезде су температурасын 69° С-қа дейін арттыру үшін басыңыз. Бұл параметр Нәзік және Алдын ала жуу циклдарында жұмыс істемейді.
<b>06</b> Басқару панелінің бекітпесі	Басқару құралының бұғаты басқару панеліндегі <b>POWER (ҚҰАТ)</b> түймесінен басқа түймелерді құлыптауға мүмкіндік береді. Толық ақпаратты “ <b>Басқару панелінің бекітпесі</b> ” бөлімін <b>58</b> -беттерінен ашып қараңыз.
<b>07</b> Кешіктіріп бастау	Цикл уақытын 24 сағатқа кешіктіріп бастауға болады. Толық ақпаратты “ <b>Кешіктіріп бастау</b> ” бөлімін <b>58</b> -беттерінен ашып қараңыз.
<b>08</b> START (БАСТАУ) (Cancel & Drain (Тоқтату және Төгу))	Жұмысты бастау үшін <b>START (БАСТАУ)</b> түймесін басыңыз. Есіктің жабық тұрғанына көз жеткізіңіз. <b>Cancel &amp; Drain (Тоқтату және Төгу):</b> Жұмыс істеп тұрған циклды тоқтатып, ыдыс жуғыш машина суын төгу үшін <b>START (БАСТАУ)</b> түймесін 3 секунд басыңыз.

## Индикаторлар




Тұз индикаторы жанбайды.		Тұз сауытынан тұз таусылған кезде жанады.
Шайғыш зат толтыру индикаторы		Ыдыс жуу машинасынан шайғыш зат ағып кеткенде жанады.
Кешіктіріп бастау индикаторы		Кешіктіріп бастау қосылса жанады.

Іске пайдалану


# Іске пайдалану

## Циклға шолу жасау

### DW6\*R707\*, DW6\*R705\* үлгілері



### DW6\*R704\* үлгілері



Іске пайдалану

<b>01 АВТОМАТТЫ</b>	Бұл цикл топырақтың деңгейін анықтап, ластанған заттардың барлық деңгейлеріне сәйкес келетін оңтайлы циклды автоматты түрде бастайды.
<b>02 ЭКО</b>	Бұл цикл қалыпты кірлеген заттарға сай келеді және қуат пен суды үнемдеуге көмектеседі.
<b>03 Аса тыныш</b>	Кір жуу біркелкі әрі тыныш өтуі үшін осы циклды таңдаңыз. Бұл цикл кірді сәл баяуырақ жуады, бірақ ЭКО бағдарамасына қарағанда шуылды 2 децибелге азырақ шығарады.
<b>04 Қарқынды</b>	Қатты ластанған заттарға арналған циклды таңдаңыз.
<b>05 Нәзік</b>	Бұл циклды шамалы ластанған мысалы шыныдан жасалған осал заттар үшін таңдаңыз. Бұл циклда зарарсыздандыру опциясына қолжетімсіз.
<b>06 Өте жылдам</b>	Күнделікті қолданылатын қалыпты кірлеген заттар үшін ең қысқа жуу циклын қолданыңыз.
<b>07 Алдын ала жуу</b>	Басқа бағдарламаны іске қоспас бұрын кірді суық сумен шаю керек.
<b>08 Өздігінен тазару (DW6*R707*/DW6*R705* үлгілері)</b>	Ыдыс жуғыш машинаның ішін тазалау үшін осы циклды таңдаңыз. Ыдыс жуғыш машинаның іші бос екеніне көз жеткізіңіз.

---

## Оңай бастау қадамы

---

1. Есікті ашып, ыдыс жуғыш машинаға ыдыстарды салыңыз. Тағам қалдықтары мен қоқыстардан ыдыстарды тазалыңыз.
2. Жуғыш зат үлестіргішке жуғыш затты қолданыңыз. Нәтижесі жақсырақ болу үшін шайғыш заттан салыңыз.
3. **POWER (ҚУАТ)** түймесін басыңыз, содан кейін қажетті параметрлері бар циклды таңдаңыз (**Тек астыңғы сөре ғана, Жылдамдық арттырғыш, Зарарсыздандыру және Кешіктіріп бастау**). Кейбір опцияларға қолжетімділік циклдың түріне байланысты.

### ЕСКЕРТПЕ

Егер **Тек астыңғы сөре ғана** функциясын таңдасаңыз, ыдыс-аяқты астыңғы сөреге салыңыз.

4. **START (БАСТАУ)** түймесін басып, содан кейін есікті жабыңыз. Ыдыс жуғыш машина бірнеше секундтан кейін су төгетін циклды бастайды.

### ЕСКЕРТПЕ

- Басталған циклды өзгерту үшін **START (БАСТАУ)** түймесін 3 секунд басып, оны тоқтатыңыз. Содан кейін, жаңа циклды таңдаңыз.
- Әдепкі цикл - ЭКО циклы.
- Жұмыс істеп тұрған ыдыс жуғыш машинаны тоқтату үшін есікті ашқаннан кейін режимді қайта бастау үшін есікті жабыңыз.

# Іске пайдалану

## Тұзды сауыты

Су жұмсартқыш судың құрамындағы құрылғыға зиянды немесе оның қызметінің тиімділігін төмендететін минералдар мен тұздарды арылтуға арналған. Осы минералды заттар мен тұздардың мөлшері неғұрлым көп болса, судың кермектігі да соғұрлым жоғары болады. Жұмсартқышты аймағыңыздағы су кермектігіне сәйкес орнату керек.

Аймағыңыздағы су кермектігі туралы мәліметтерді жергілікті су шаруашылығын басқаратын мекемеден ала аласыз.

### Тұздың салынатын мөлшерін реттеу

Ыдыс жуғыш машинада пайдаланылатын тұздың мөлшерін судың кермектігіне қарай реттеуге болады. Бұл тұз тұтыну мөлшерін тиімді деңгейге қою мен реттеу үшін қажет, сондықтан тұз тұтыну мөлшерін төмендегі жолмен орнатыңыз:

1. Ыдыс жуғыш машинаны қосыңыз.
2. Ыдыс жуғыш машинаны тоққа қосқаннан кейін 60 секунд ішінде **АВТОМАТТЫ** цикл түймесін бес секунд басып ұстап тұрыңыз.
  - Параметрлер режиміне кіргенде дисплейде “0:00” көрсетіледі.
3. Су кермектік деңгейі параметрінің мәзірін таңдау үшін **Көшіктіріп бастау** түймесін басыңыз.
  - Дисплейде қазіргі параметрлер көрсетіледі. (Әдепкі параметр: “Н4”)
4. Параметрді өзгерту үшін **АВТОМАТТЫ** цикл түймесін басыңыз.
  - Н1 – Н6 (жұмсақ – кермек) дейін таңдай аласыз.
5. Параметрді сақтау үшін 5 секунд күтіңіз.

### ЕСКЕРТПЕ

- Судың кермектігін төмендегі кесте (немесе нұсқаулық) бойынша реттеуді ұсынамыз:
- Зауыттық параметрлер: Н4 (EN50242)

Судың кермектігі				Судың кермектігінің параметрі	Тұзды пайдалану мөлшері (грамм/цикл)	Автономды (циклдер/1 кг)
°dH	°fH	°Кларк	ммоль/л			
0-5	0-9	0-6	0-0,94	H1	0	/
6-11	10-20	7-14	1,0-2,0	H2	20	60
12-17	21-30	15-21	2,1-3,0	H3	30	50
18-22	31-40	22-28	3,1-4,0	H4	40	40
23-34	41-60	29-42	4,1-6,0	H5	50	30
35-55	61-98	43-69	6,1-9,8	H6	60	20

#### ЕСКЕРТПЕ

- 1 dH (Неміс градусы) = 0,178 ммоль/л
- 1 Кларк (Британия градусы) = 0,143 ммоль/л
- 1 fH (Франция градусы) = 0,1 ммоль/л
- Судың кермектігі туралы ақпарат алу үшін жергілікті сумен жабдықтау мекемесіне хабарласыңыз.
- **СУ ЖҰМСАРТҚЫШ**

Судың кермектігі әр жерде әр түрлі болады. Ыдыс жуғыш машинада ащы су қолданылса, ыдыс-аяққа қақ тұруы мүмкін. Құрылғы судың құрамындағы әк пен минералдарды тазарту үшін арнайы жасалған тұзды қолданатын су жұмсартқышпен жабдықталған.





# Іске пайдалану

## Кешіктіріп бастау

Цикл басталу уақытын 1 сағаттық қадамдармен 24 сағатқа дейін ұзартуға болады. Кешіктіру уақытын ұзарту үшін **Кешіктіріп бастау** түймесін басыңыз. Көрсетілген сағат - циклдың басталатын уақытын білдіреді.

1. Есікті ашып, ыдыс жуғыш машинаға ыдыстарды салыңыз.
2. Уақытты 1 сағаттық қадаммен өзгерту үшін **Кешіктіріп бастау** түймесін басыңыз.
  - Түймені басып тұрып, түймені босатқанша уақыт көбейеді.
3. **START (БАСТАУ)** түймесін басып, содан кейін есікті жабыңыз.

### **ЕСКЕРТПЕ**

Ыдыс жуғыш машина іске қосылған кезде кешіктіру уақытын өзгертіп, ыдыс жуғыш машинаны қайта іске қосу үшін **POWER (ҚАТ)** түймесін басыңыз.

## Басқару панелінің бекітпесі

Балалар ыдыс жуғыш машинамен ойнамау үшін Басқару панелінің бекітпесі құралы **POWER (ҚАТ)** құралынан басқа барлық түймелерді бұғаттайды.

- Басқару панелінің бекітпесі Іске қосу үшін **Басқару панелінің бекітпесі** түймесін 3 секунд басып ұстап тұрыңыз. Басқару панелінің бекітпесі қосулы тұрса, циклды немесе опцияны таңдап немесе жұмысты бастай алмайсыз.
- Басқару панелінің бекітпесі Ажырату үшін **Басқару панелінің бекітпесі** түймесін қайтадан 3 секунд басып ұстап тұрыңыз.
- Басқару панелінің бекітпесі функциясы ыдыс жуғыш машинаны қайта іске қосқаннан кейін де белсенді тұрады. Басқару панелінің бекітпесі болдырмау үшін алдымен оны сәндіру керек.



# Күтім көрсету

## Тазалау

Ыдыс жуғыш машинаның жұмыс тиімділігін төмендетпеу, жөндеу жұмыстарын азайту және қолданыс уақытын ұзарту үшін таза ұстаңыз.

### Сыртқы жағы

Ыдыс жуғыш машинаның беткі жағындағы дақтарды дереу тазалаңыз. Басқару панеліндегі дақ пен шаңды сүрту үшін жуғыш затты және дымқыл шүберекті қолданыңыз.

#### АБАЙЛАҢЫЗ

- Бензолды, балауызды, сұйылтқышты, хлорлы ағартқышты, спиртті немесе басқа химиялық заттарды пайдаланбаңыз. Бұл материалдар ыдыс жуғыш машинаның беткі жағын түссіздендіріп, дақ қалдыруы мүмкін.
- Ыдыс жуғыш машинаның ішінде электр бөліктері бар. Ыдыс жуғыш машинаға суды тура шашпаңыз. Электр бөліктерін судан қорғаңыз.
- Тот баспайтын болаттан жасалған есіктің панелін тот баспайтын болаттан жасалған тұрмыстық техниканы тазалайтын құрал мен таза, жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.

### Ішкі жағы

Ыдыс жуғыш машинаның ішкі жағын тамақ қалдықтарынан және кірден тұрақты тазалаңыз. Ыдыс жуғыш машинаның ішкі жағын және есіктің ішкі бөлігін дымқыл шүберекпен сүртіңіз.

#### АБАЙЛАҢЫЗ


- Алдыңғы тығыздағышты алып тастамаңыз (ыдыс жуғыш машинаның саңылауын бітейтін ұзын резеңке тығыздағыш). Тығыздағыш ыдыс жуғыш машинаның ішкі бөлігін тығыздайды.
- Ыдыс жуғыш машинаның ішіндегі майдың қалдықтарын немесе әк шөгінділерін кетіру үшін дымқыл шүберекті пайдаланыңыз. Сонымен қатар, жуғыш заттарды қолданып, содан кейін ең үлкен шаю температурасын пайдаланып, бос циклды іске қосыңыз.

# Күтім көрсету

## Түтікшелер


Түтікшелер бітеліп қалмау үшін немесе түтікшелер бітелген болса, оның әрқайсысын алып тазалаңыз. Түтікшелерді абайлап алыңыз, себебі сынып қалуы мүмкін.

### Үстіңгі түтікше



1. Есікті ашып, үстіңгі түтікшені ашу үшін үстіңгі сәрені шығарыңыз.
2. Гайканы босатыңыз және алыңыз, содан кейін түтікшені босатыңыз.
3. Түтікшені бітеп тұрған нәрселерді алып тазалаңыз.
4. Түтікшені өз орнына қайта салыңыз, содан кейін гайканы қолмен бұраңыз.
5. Түтікшенің дұрыс орнатылғанына көз жеткізу үшін түтікшені қолмен бұраңыз.




### Астыңғы түтікше



1. Есікті ашып, астыңғы сәрені шығарыңыз. Астыңғы түтікше төменгі жағында көрінеді.
2. Түтікшені бітеп тұрған нәрселерді алып тазалаңыз.
3. Түтікшені қайта салыңыз.
4. Түтікшенің дұрыс орнатылғанына көз жеткізу үшін түтікшені қолмен бұраңыз.

## Сүзгі


Сүзгіні ай сайын тазалауды ұсынамыз.



1. Есікті ашып, алдымен астыңғы сөрені алып тастаңыз.
2. Ірі сүзгінің бұғатын ашу үшін сүзгісінің тұтқасын сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз.
3. Ірі сүзгіні, содан кейін цилиндрлік микро сүзгіні алып тастаңыз.

Күтім көрсету


## Күтім көрсету



4. Ірі сүзгі мен микро сүзгіні дақ және кірден тазалаңыз.
5. Оларды ағып тұрған сумен шайып, жақсылап құрғатыңыз.



6. Сүзгіні, содан кейін ірі сүзгіні қайтадан орнына салыңыз.
7. Сүзгінің тұтқасын құлыптау үшін сағат тілімен бұраңыз.



### **⚠ АБАЙЛАҢЫЗ**

Ірі сүзгінің дұрыс жабылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Қақпақтың дұрыс жабылмауы сүзу үрдісін төмендетуі мүмкін.

### Ұзақ мерзімді күтім

Егер ыдыс жуғыш машинаны ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, алдымен құрғатып, содан кейін су түтігінен ажыратыңыз. Сумен жабдықтау желісін және айырып-қосқышты өшіріңіз. Түтіктер мен ішкі бөліктердегі қалдық су ыдыс жуғыш машинаны зақымдануы мүмкін.

# Ақаулық себептерін анықтау

## Тексерілетін мәселелер

Егер ыдыс жуғыш машинаға қатысты мәселе пайда болса, әуелі төмендегі кестені қарап, ұсыныстарды орындап көріңіз.

Белгісі	Ықтимал себебі	Әрекет
<b>Ыдыс жуғыш машина іске қосылмайды.</b>	Есік толығымен жабылмаған.	<ul style="list-style-type: none"><li>• Есіктің жабылғанына және толығымен жабылғанына көз жеткізіңіз.</li><li>• Үстіңгі тордың түтікшеге дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.</li><li>• Үстіңгі сөренің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.</li></ul>
	Қуат сымы қосылмаған.	<ul style="list-style-type: none"><li>• Қуат сымын жалғаңыз.</li></ul>
	Су құйылмаған.	<ul style="list-style-type: none"><li>• Су құятын шүмектің ашық екенін тексеріңіз.</li></ul>
	Басқару панелі бекітіліп қалған.	<ul style="list-style-type: none"><li>• Басқару панелінің бекітпесі сөндіріңіз.</li></ul>
<b>Ыдыс жуғыш машинасынан жаман иістер шығады.</b>	Алдыңғы циклдан кейін су қалған.	<ul style="list-style-type: none"><li>• Ыдыс жуғыш машина бос тұрған кезде жуғыш заттан салып, содан кейін Жылдам циклын орындаңыз. Бұл қолдау көрсететін құрылғы үлгілерінде ғана жұмыс істейді.</li></ul>
<b>Цикл аяқталғаннан кейін ыдыс жуғыш машинада су қалады.</b>	Су төгетін түтік бүктелген немесе бітеліп қалған.	<ul style="list-style-type: none"><li>• Түтікті түзетіп, тазалаңыз.</li></ul>

## Ақаулық себептерін анықтау

Белгісі	Ықтимал себебі	Әрекет
Ыдыстарда тағам қалдықтары қалған.	Теріс цикл таңдалған.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Циклды осы нұсқаулықта көрсетілгендей ыдыстардың ластану деңгейіне қарап таңдаңыз.</li> </ul>
	Сүзгілер бітелген немесе дұрыс бекітілмеген.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сүзгілерді тазалаңыз.</li> <li>Сүзгілердің дұрыс бекітілгеніне көз жеткізіңіз.</li> </ul>
	Жеткіліксіз жуғыш заттың мөлшері пайдаланылған.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Әр жүктеме үшін жуғыш заттың дұрыс мөлшерін пайдаланыңыз.</li> </ul>
	Судың қысымы төмен.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қысымның 0,04–1,0 Мпа аралығында екенін тексеріңіз.</li> </ul>
	Түтікшелер бітелген.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Түтікшелерді тазалаңыз және бітелген қоқыстарын алыңыз.</li> </ul>
	Ыдыс-аяқтар дұрыс жүктелмеген немесе шамадан тыс жүктелген.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ыдыстарды түтікшелерге және/немесе жуғыш зат үлестіргішке кедергі келтірмейтін етіп орналастырыңыз.</li> </ul>
	Су өте кермек.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тұз толтыру индикаторын тексеріп, ыдыс жуғыш машинаны тұзбен толтырыңыз.</li> </ul>
Ыдыс-аяқтар жақсы кептірілмейді.	Диспенсерде шайғыш зат жоқ немесе жеткіліксіз шайғыш зат пайдаланылған.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Шайғыш затты қосыңыз.</li> <li>Шайғыш зат параметрін тексеріңіз.</li> </ul>
	Өте көп ыдыс салынған.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тым көп жүктеме кептіру нәтижесін төмендетуі мүмкін. Ыдыстарды ұсыныстарға сәйкес салыңыз.</li> </ul>
	Табаны дөңес стакандар мен кеселер шығарға кезде басқа ыдыстарға су төгілді.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Алдымен астыңғы сөрені, содан соң үстіңгі сөрені босатыңыз. Бұл астыңғы сөредегі ыдыс-аяққа үстіңгі сөреден судың ақпауына мүмкіндік береді.</li> </ul>
	Кейбір жуғыш зат таблеткалары Зарарсыздандыру опциясын таңдаусыз қолданылған.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Зарарсыздандыру опциясын таңдаңыз немесе шайғыш затты пайдаланыңыз.</li> </ul>

Белгісі	Ықтимал себебі	Әрекет
Ыдыс жуғыш машинасы тым шулы.	Үлестіргіштің қақпағы ашық тұрған кезде және су төгетін сорғы жұмыс істеп тұрған кезде ыдыс жуғыш машинадан шуыл шығады.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бұл қалыпты жағдай.</li> </ul>
	Ыдыс жуғыш машина дұрыс деңгейленген жоқ.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ыдыс жуғыш машинаның деңгейін дұрыстаңыз.</li> </ul>
	Түтікшелер ыдыс-аяққа соғылып, тырс-тырс еткен дыбыс естіледі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ыдыстарды қайта орналастырыңыз.</li> </ul>
Ыдыстың ішінде сары немесе қоңыр өңез тұрып қалған.	Кофе немесе шайдың қағы.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Температурасы жоғарырақ циклды пайдаланыңыз.</li> </ul>
Индикаторлар жанбайды.	Қуат сымы қосылмаған.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қуат сымын жалғаңыз.</li> </ul>
Түтікшелер бірсарынды айналмайды.	Түтікшелерді тамақ қалдықтары бітеген.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Түтікшелерді тазалаңыз.</li> </ul>
Ыдыс-аяқтарға ақ дақтар тұрып қалған.	Су өте кермек.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тұз салу және жұмсартқыш параметрлерінің тұратын жеріңіздегі судың кермектігіне сәйкес орнатылғанына көз жеткізіңіз.</li> <li>• Тұз сауытының қақпағының дұрыс бекітіліп тұрғанына көз жеткізіңіз.</li> </ul>
Басқару панелінде ауа көпіршіктері және сызат белгілері бар.	Қорғаныс таспасына ауаның өсер етуі нәтижесінде EPS сызаттары қалады.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қорғаныс таспасын басқару панелінен алыңыз.</li> </ul>



# Ақаулық себептерін анықтау

## Ақпарат кодтары

Егер ыдыс жуғыш машина жұмыс істемей қалса, экрандағы ақпарат кодын қараңыз. Төмендегі кестеге қарап, ұсыныстарды орындап көріңіз.

Код	Әрекет
LC	<b>Судың аққанын тексеру</b> <ul style="list-style-type: none"><li>• Сумен жабдықтау желісін жабыңыз. Үйдегі айырып-қосқыш тақтасына барып, ыдыс жуғыш машинаның автоматты ажыратқышын өшіріңіз. Содан кейін жөндеу үшін орнатушыға хабарласыңыз. Ақау жалғасса берсе, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.</li></ul>
4C	<b>Сумен жабдықтауды тексеру</b> <ul style="list-style-type: none"><li>• Су құятын клапанның жабық тұрғанын, сумен жабдықтаудың кідіріп тұрғанын немесе су құятын клапанның немесе желінің мұздап немесе бөгде заттар тұрып бітеліп қалған-қалмағанын тексеріңіз. Ақау жалғасса берсе, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.</li></ul>
AC	<b>PCB байланысын тексеріңіз</b> <ul style="list-style-type: none"><li>• Негізгі PCB және ішкі PCB арасындағы байланыстың қателігі.</li><li>• Егер мәселе шешілмесе, уәкілетті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.</li></ul>
HC	<b>Жоғары температурамен қыздыруды тексеру</b> <ul style="list-style-type: none"><li>• Функциональдық тексеру. Ыдыс жуғыш машина бос тұрған кезде жуғыш заттан салып, циклды орындаңыз. Егер мәселе жалғаса берсе, үйіңіздегі айырып-қосқыш панеліне барып, ыдыс жуғыш машинаның айырып-қосқышын сөндіріңіз. Содан кейін Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.</li></ul>
tC	<b>Термостатты тексеру</b> <ul style="list-style-type: none"><li>• Температура сенсоры сынған (қысқа немесе ашық желі). Егер мәселе шешілмесе, уәкілетті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.</li></ul>
EC	<b>Жуу сорғысын тексеру</b> <ul style="list-style-type: none"><li>• Жуу сорғысының дұрыс жұмыс істемей. Егер ақаулық түзетілмесе, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.</li></ul>
PC	<b>Тарату қозғалтқышын тексеру</b> <ul style="list-style-type: none"><li>• Тарату қозғалтқышының құрамында немесе негізгі PCB жұмысында қалыптан тыс жағдай байқалады. Бұл мәселе жалғаса берсе, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.</li></ul>

Экранда ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

## Цикл кестесі

Цикл	АВТОМАТТЫ	ЭКО	Қарқынды
Тамақ қалдықтарының мөлшері	Қалыпты	Қалыпты	Ауыр
Циклдың тізбектілігі	Алдын ала жуу (45 °C) ▶ Негізгі жуу (55 °C-65 °C) ▶ Шаю ▶ Ыстық сумен шаю (50 °C - 70 °C) ▶ Кептіру ▶ Аяқтау	Алдын ала жуу ▶ Негізгі жуу (50 °C) ▶ Шаю ▶ Ыстық сумен шаю (48 °C) ▶ Кептіру ▶ Аяқтау	Алдын ала жуу (50 °C) ▶ Негізгі жуу (65 °C) ▶ Шаю ▶ Ыстық сумен шаю (58 °C) ▶ Кептіру ▶ Аяқтау
Суды пайдалану (л)	8,5-18	9,9	16,6
Пайдаланылатын қуат мөлшері (кВт-сағ)	0,85-1,55	0,832 (DW6*R707***)/ DW6*R705***) 0,821 (DW6*R704***)	1,5
Цикл уақыты (мин.)	150	210	205

Цикл	Нәзік	Өте жылдам	* Алдын ала жуу
Тамақ қалдықтарының мөлшері	Шам	Қалыпты	Шам
Циклдың тізбектілігі	Алдын ала жуу) (40 °C) ▶ Негізгі жуу (50 °C) ▶ Шаю ▶ Ыстық сумен шаю (50 °C) ▶ Кептіру ▶ Аяқтау	Негізгі жуу (60 °C) ▶ Шаю ▶ Ыстық сумен шаю (55 °C) ▶ Кептіру ▶ Аяқтау	Алдын ала жуу ▶ Аяқтау
Суды пайдалану (л)	13,5	15	4,1
Пайдаланылатын қуат мөлшері (кВт-сағ)	0,95	0,95	0,02
Цикл уақыты (мин.)	120	60	15

## Цикл кестесі

Цикл	Аса тыныш	** Өздігінен тазару
Тамақ қалдықтарының мөлшері	Қалыпты	-
Циклдың тізбектілігі	Алдын ала жуу (35 °C) ▶ Негізгі жуу (60 °C) ▶ Шаю ▶ Ыстық сумен шаю (55 °C) ▶ Кептіру ▶ Аяқтау	Алдын ала жуу ▶ Негізгі жуу (70 °C) ▶ Шаю ▶ Ыстық сумен шаю (70 °C) ▶ Кептіру ▶ Аяқтау
Суды пайдалану (л)	13	15
Пайдаланылатын қуат мөлшері (кВт-сағ)	1,5	1,25
Цикл уақыты (мин.)	270	145

\* Алдын ала жуу: Бұл циклда Есікті автоматты түрде ашу функциясы да, кептіру процесі де іске қосылмайды.  
Алдын ала жуу циклын ұзақ уақыт бойы үздіксіз пайдаланбаған дұрыс. Бұл су жұмсартқыштың жұмысын төмендетуі мүмкін.

\*\* Өздігінен тазару: Тек DW6\*R707\*/DW6\*R705\* үлгілері үшін

### ЕСКЕРТПЕ

- Цикл уақыты қосылған опцияларға және берілген судың қысымы мен температурасына байланысты.
- Қалдық су соңғы 5 күн ішінде пайдаланылмаса, ыдыс жуғыш машина суды автоматты төгеді.
- Қуатты тұтыну судың температурасына және/немесе жүктемеге байланысты болады. Шайғыш зат сауыты бос болса уақыт пен температура көбеюі мүмкін.
- Шайғыш зат пайдаланылмаса, циклдың уақыты мен температурасы шамалы артады.

# Қосымша

## Тасымалдау/орнын ауыстыру

Ыдыс жуғыш машинаның бекітілмеген бөліктерінің жоқтығына және құралдың бос екеніне көз жеткізіңіз. Алдымен ыдыс жуғыш машинасынан суды төмендегідей төгіңіз.

1. Есікті ашып, содан кейін ыдыс жуғыш машинаны қосыңыз.
2. **ЭКО** циклын таңдап іске қосыңыз.
3. **START (БАСТАУ)** түймесін басып, содан кейін есікті жабыңыз.
4. Цикл аяқталған соң есікті 5 секундтан кейін ашыңыз.
5. Суды төгу үшін **START (БАСТАУ)** түймесін 3 секунд басыңыз.
6. Есікті жабыңыз.
7. Суды төгу үрдісі аяқталғаннан кейін есікті ашыңыз.
8. Ыдыс жуғыш машинаны сөндіріп, содан кейін су клапанын жабыңыз.
9. Су құятын және суды төгетін түтікті ажыратыңыз.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Ыдыс жуғыш машинаны жылжытқанда шайқамаңыз немесе сілкімеңіз. Ыдыс жуғыш машинадан қалдық су тамшылауы мүмкін.

## Аяздан қорғау

Ыдыс жуғыш машинаны ұзақ уақыт бойы суық жерде қалдыратын болсаңыз, ыдыс жуғыш машинаны босатыңыз. Толық ақпаратты “Тасымалдау/орнын ауыстыру” тарауынан қараңыз.

## Ыдыс жуғыш машинаны кәдеге жарату және қоршаған ортаны қорғау

Бұл ыдыс жуғыш машина қайта өңдеуден өткізуге болатын материалдардан жасалған. Егер тастағыңыз келсе, жергілікті қоқыс тастау ережелерін орындаңыз. Құрылғыны тоққа қосуға жол бермес үшін қорек сымын кесіп алыңыз.

Жануарлар мен балалар қамалып қалмас үшін есігін ағытып алыңыз.

# Қосымша

## Сипаттамалары

ҮЛГІ	DW6*R707*F* DW6*R705*F* DW6*R704*F*	DW6*R707*U* DW6*R705*U* DW6*R704*U*	DW6*R707*S* DW6*R705*S* DW6*R704*S*	DW6*R707*BB DW6*R705*BB DW6*R704*BB
Түрі	Жеке орнатылатын құрылғы	Астына орнатылатын	Жартылай кіріктіріліп орнатылған	Толық кіріктірілген
Қуат	220-240 В~, 50 Гц			
Судың қысымы	0,04-1,0 МПа			
Жуу сыйымдылығы	DW6*R707*	14 кісілік ыдыс жинағы		
	DW6*R705*	14 кісілік ыдыс жинағы		
	DW6*R704*	13 кісілік ыдыс жинағы		
Номиналды қуат	1760-2100 Вт			
Өлшемі (Ені x Тереңдігі x Биіктігі)	598 x 600 x 845 мм	598 x 570 x 815 мм		598 x 550 x 815 мм
Салмағы (Орамынан алынған)	52,5 кг (707* үлгілері) 51 кг (705*/704* үлгілері)	44,5 кг (707* үлгілері) 43 кг (705*/704* үлгілері)	44,5 кг (707* үлгілері) 43 кг (705*/704* үлгілері)	43 кг (707* үлгілері) 42 кг (705*/704* үлгілері)


# Стандартты сынақ үшін

## ЕСКЕРТПЕ

Сәйкестік сынағы туралы ақпарат төменде берілген:

### DW6\*R707\*/DW6\*R705\* үлгілері

- Жуу сыйымдылығы: 14 кісілік ыдыс жинағы
- Тест стандарты: EN 50242 / IEC 60436
- Үстіңгі сөрені орналастыру: астыңғы қатар
- Жуу циклы: ЭКО
- Қосымша параметрлер: Ешбір
- Шайғыш зат деңгейін орнату: 5
- Судың кермектік деңгейін орнату: Н3
- Стандартты жуғыш заттың салынатын мөлшері: алдын ала жуу 5 г + негізгі жуу 30 г
- Осы заттарды салу үшін келесі суреттерді қараңыз




Стандартты сынақ үшін

# Стандартты сынақ үшін

## DW6\*R704\* үлгілері

- Жуу сыйымдылығы: 13 кісілік ыдыс жинағы
- Тест стандарты: EN 50242 / IEC 60436
- Үстіңгі сөрелі орналастыру: астыңғы қатар
- Жуу циклы: ЭКО
- Қосымша параметрлер: Ешбір
- Шайғыш зат деңгейін орнату: 5
- Судың керметтік деңгейін орнату: H3
- Стандартты жуғыш заттың салынатын мөлшері: алдын ала жуу 5 г + негізгі жуу 27,5 г
- Осы заттарды салу үшін келесі суреттерге қараңыз



# Өнім жапсырмасы

## СТАНДАРТ (ЕО) № 1059/2010

### ЕСКЕРТПЕ

“ \* ” Жұлдызша(лар) әр түрлі үлгіні көрсетеді, ол (0-9) немесе (A-Z) түрінде болуы мүмкін.

Жабдықтаушы	SAMSUNG		
Үлгі атауы	DW6*R707***	DW6*R705***	DW6*R704***
Номинальды сыйымдылығы (орын параметрі)	14	14	13
Қуат тиімділігі класы	A+++	A+++	A+++
Жылдық қуат тұтыну мөлшері, (AE <sub>c</sub> ) (кВт-сағ/жыл) <sup>1)</sup>	236	236	233
Стандартты цикл кезінде пайдаланылатын қуат мөлшері, (E <sub>c</sub> ) (кВт-сағ)	0,829	0,829	0,818
Сөндірулі режимде пайдаланылатын қуат мөлшері, P <sub>o</sub> (Вт)	0,5	0,5	0,5
Қосулы режимде пайдаланылатын қуат мөлшері, P <sub>i</sub> (Вт)	1,0	1,0	1,0
Жыл бойы пайдаланылатын судың мөлшері (AW <sub>c</sub> ), (л) <sup>2)</sup>	2772	2772	2772
Стандартты суды тұтыну, (л)	9,9	9,9	9,9
Кептіру тиімділігі сыныбы	A	A	A
Стандартты бағдарлама <sup>3)</sup>	ЭКО	ЭКО	ЭКО
Стандартты цикл кезіндегі бағдарлама уақыты	210	210	210
Қосулы режимдегі ұзақтығы, (T <sub>i</sub> ) (мин)	30	30	30
Ауамен таралатын акустикалық шуылдың бөлінуі (дБА, 1пВт)	42	44	44

- 1) Суық суды пайдаланып, ең төмен қуат режимдерін қолданып тазалайтын 280 стандартты тазалау циклына негізделген. Қуаттың нақты тұтынылатын мөлшері, құрылғының қалай қолданылатындығына байланысты.
- 2) 280 стандартты жуу циклына негізделген. Судың нақты тұтынылатын мөлшері, құрылғының қалай қолданылатындығына байланысты.
- 3) 'Стандартты бағдарлама' - қалыпты кірлеген ыдыс-аяқтарды жууға арналған, қуат пен суды үйлестіріп пайдалану жағынан өте тиімді, жапсырмада көрсетілген параметрлерге сәйкес келетін жуу бағдарламасы.





**Өндірілген елі :** Қытайда жасалған

**Өндіруші :**

Samsung Electronics Co., Ltd /Самсунг Электроникс Ко., Лтд

**Өндірушінің мекенжайы:**

129, Осен-Донг, Гуанчсан-Гу, Гуанчжоу-Сити,  
443-742, Корея, Samsung Electronics Co., Ltd

**Зауыт орналасқан жер :**

Foshan Shunde Midea Washing Appliances Mfg.Co.,Ltd.

№20, Ганкъянг Роуд, Бейчжао Шунде, Фошан, Гуандонг 528311 Қытай

**Қазақстан Республикасында шағымдар мен ұсыныстар қабылдайтын мекеме :**

“SAMSUNG ELECTRONICS CENTRAL EURASIA” (САМСУНГ ЭЛЕКТРОНИКС ЦЕНТРАЛЬНАЯ ЕВРАЗИЯ)  
ЖШС Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Медеу ауданы, Әл-Фараби д-лы, 36-үй, 3, 4-қабат



Символ Кедендік одақтың 005/2011 техникалық регламентіне сәйкес қолданылады және осы өнімнің қаптамасын екінші рет пайдалануға арналмағанын және жоюға жататынын көрсетеді. Осы өнімнің қаптамасын азық-түлік өнімдерін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады.



Символ қаптаманы жою мүмкіндігін көрсетеді. Символ сандық код және/немесе әріп белгілері түріндегі қаптама материалының белгісімен толықтырылуы мүмкін.

## СҰРАҒЫҢЫЗ НЕМЕСЕ ҰСЫНЫСЫҢЫЗ БАР МА?

ЕЛ	ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ	НЕМЕСЕ МЫНА МЕКЕНЖАЙҒА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ:
RUSSIA	8-800-555-55-55	<a href="http://www.samsung.com/ru/support">www.samsung.com/ru/support</a>
GEORGIA	0-800-555-5555	<a href="http://www.samsung.com/support">www.samsung.com/support</a>
ARMENIA	0-800-05-555	<a href="http://www.samsung.com/support">www.samsung.com/support</a>
AZERBAIJAN	0-88-555-55-55	<a href="http://www.samsung.com/support">www.samsung.com/support</a>
KYRGYZSTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 9977)	<a href="http://www.samsung.com/support">www.samsung.com/support</a>
UZBEKISTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 7799)	<a href="http://www.samsung.com/uz_ru/support">www.samsung.com/uz_ru/support</a>
KAZAKHSTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 7799)	<a href="http://www.samsung.com/kz_ru/support">www.samsung.com/kz_ru/support</a>
TAJIKISTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 8888)	<a href="http://www.samsung.com/support">www.samsung.com/support</a>
MONGOLIA	1800-25-55	<a href="http://www.samsung.com/support">www.samsung.com/support</a>
BELARUS	810-800-500-55-500	<a href="http://www.samsung.com/support">www.samsung.com/support</a>
MOLDOVA	+373-22-667-400	<a href="http://www.samsung.com/support">www.samsung.com/support</a>
UKRAINE	0-800-502-000	<a href="http://www.samsung.com/ua/support">www.samsung.com/ua/support</a>



DD81-02968J-01